Қоғамдық-саяси, ақпараттық-экономикалық, тарихи-танымдық газет

Жаркент Айнасы

№18 (20), 28 қыркүйек, сенбі, 2019 жыл, jar-aina@mail.ru

БІР ӘРІПТЕН АДАСҚАН ТАРИХ

Әңгіме Шыңғыс хан жайында. Тарихты адастырған әрібіміз – «ң».

Осекең – Оспанхан ағамыз – бұл әріпке сөз басында келетін бір сөз тауып берген, ол – Ңөң, айсберг. Шыңғыс хан тарихы да тап сол ңөңге ұқсайды: бетінде – бір өтірік, астарында адам адасатын айлашарғы. Шыңғыс хан жайындағы бүкіл тарихты бүлдіріп жүрген «ң» әрібі ең әуелі «моңғол» сөзінде болып, одан «моғол» сөзі пайда болған ба әлде керісінше ме? Содан барып «Шыңғыс хан моңғол ма, моғол ма?» деген сұрақ туындайды.

Моңғол қай тілде сөйлейді, моғол қай тілде сөйлеген? Ал Шыңғыс хан мен оның ұрпақтары қай тілде сөйлеген? Оған дәлел, куә бар ма? Бар болса, кәне?

Шыңғыс хан моңғол болса да, моғол болса да, туып-өскен жерін тарих дәл, дәлелмен айтты ма?

Кәзіргі «моңғол» деп жүрген халықты бұрын қазақ «ойрат» деген. Ойратқа шорос, хошоуыт, дүрбіт, торғауыт тайпалары жатады. Қазақ оларды «қара қалмақ» деп атаған. Ал халха тайпасын «құба қалмақ» атаған. Сонда бүкіл моңғолдың жалпы аты – қазақ үшін тек қалмақ.

Қазақ пен қалмақ 250 жылдан астам соғысыпты. Бірақ қазақ қара қалмақты да, құба қалмақты да ешқашан моңғол да, моғол да демеген.

Енді куәге тарихи деректерді тартайық.

Бірінші куә – Плано Карпини. Кітәбінің аты – «История монгалов». Біз бұл кітәптің 1993 – жылы Алматыда «Ғылым» баспасынан шыққан нұсқасын негізге аламыз.

Тарихтан белгілі, Шыңғыс хан 1227 – жылы қайтыс болған. Ал италиандық Карпини ол құрған мемлекетке 1245 – жылы жазғытұрым келіп, 1246 – жылы күздің соңында қайтады. Бұл кез – елді Шыңғыс ханның ұрпағы Күйік хан басқарғалы жатқан кез. Шыңғыс хан өлгелі бар-жоғы 18 (он сегіз) жыл болған.

Ол әуелі Шыңғыс ханның немересі Бату ханның ұлы Сартақтың ауылына келеді. «Бату» сөзі қазақтың «қату», «ұту», «басу» секілді сөздерінің жасалу жолына ұқсас жасалып, батыл деген мағына береді. Ал Сартақ – «сары» және «тақ» сөздерінен құралған қос түбірлі түрік сөзі, үндестік заңына сәйкес ортадағы «ы» дыбысы айтылмайды, кәзір де қазақтар «сарғалдақ», «сартөбе», «саржайлау» деп, ортадағы «ы» дыбысын қалдырып сөйлейді, қалдырып жазады.

Карпини кітәбінің аталуындағы «монгал» сөзі түпнұсқада да солай ма әлде аудармашы өзгерткен сөз бе, оны мен білмеймін.

Бату ордасы Итил өзенінің бойында екені айтылады. Оның қазақшасы – Еділ. Ол – ежелден түрік сөзі, «ағыл-тегіл», «мол» сөзімен тектес.

Ал Карпини келе жатқан ұлы қағанның мекені найман мен ұйғырдың шегарасында. Еділ мен осы екі араға оның билігі жүріп тұрған. Демек бұл өлкенің шегарасын белгілеген адам – Шыңғыс хан. Ол – қаған Күйік пен Бату ханның атасы. Ол шегара бұл күнде біраз тарылды, алайда негізі Қазақстан Республикасында сақталып қалды.

«Шыңғыс» сөзінің төркіні моңғол тілінде анықталмайды. Ал оның қазақ тілінде «Шыңқұз» екенін, әрі шыңдай биік, әрі құздай терең деген мағына беретін сөз екенін 1776 – жылы жазылған «Түптұқыйаннан өзіме шейін» атты кітәбінде Қазыбек бек Тауасарұлы жазса (1993 – Алматы, 85 – бет), екі жүз жылдан кейін оны Сәкен Сейфуллин де жазады.

«Қазақ тарихынан қысқаша мағлұмат» деген еңбегінде Сәкен Сейфуллин: «1206 – жылы өзіне Шыңғыс хан деген ат алған. Шыңғыс ханның тума аты – Темушин (Теміршың) екен…

1206 – жылы Теміршың ру бастықтарын шақырып құрған үлкен жыйылысында (құрылтайында) жиылып отырған топқа шығып сөз сөйлеп: «Теміршың хан енді кішкене хан емес, бұл енді ұлы, биік хан болды. Көктегі тәңірдің әмірі бойынша, мұның есімі енді «Шың-құзхан» болсын!» – деп жар салған Қоңырат руынан Меңлеке баласы «Тәңірі бұты» атанған Көкше деген бақсы Шыңғыс (шың-құз) әскерінің бастығы болған. (Алматы, 2007, «Қазығұрт» баспасы, 7 – том, 13, 14 – бет).

Мұны айтқанда Қоңырат Көкше бақсы, әрине, моңғолша емес, түрік тілінде сөйлеген. Себебі Қоңырат – қазақ тайпасы. Моңғол тілінде «шың» да, «құз» да – «оргил» (361, 195 – бет). Бұл деректі мен 1977 – жылы Улаан баатар қаласынан шыққан «Қазақша – моңғолша сөздіктен» алып отырмын. Алда да сөйтем.

Және бір басы ашық нәрсе: Қоңыраттар ешқашан моңғол моңғол болғалы моңғол жерінде тұрған емес. Ал сондықтан Қоңырат Меңлекенің моңғол жеріндегі Шыңғыс ханға қалай әке болып жүргенін (Есугей өлген соң Өлең соған тиген) елестетудің өзі мүмкін емес.

Күйік билеген жерде қалалардың жоқ екенін айта келіп, тек Каракарон деген ғана қаласы бар, бірақ біз оны көрмедік, жарты күндік жерден жанынан өтіп, императордың Сыр – Орда аталатын басты сарайына келдік дейді Карпини (22 – бет). «Каракарон» деп отырғаны, әрине, Қарақорым. «Қара» деген – моңғолша «хар» (177 – бет), қорым – сага (190 – бет). Демек бұл қала моңғолдікі емес. Өйткені «қара» да, «қорым» да қазақтың сөзі: қара – түсті білдіреді, қорым – тау беткейіндегі бір-бірімен бірікпеген ұсақ тастың жиынтығы.

Шыңғыс та, оның ұрпақтары да моңғол болса, неге орталық қаласының атын моңғолша қоймай, қазақша атаған деген сұрақ өз-өзінен тумай ма?

«Сыр – Орда» деп отырғаны, әрине, Сары – Орда. Өйткені Карпинидің осы кітәбін қытайшадан аударған Тілеуберді Әбенайұлы «Сары – Орда» деп дұрыс аударған (Плано Карпини «Моңғал тарихы», Алматы, «Шапағат – нұр» баспасы, 2013 – жыл, 20 – бет). «Сары» дегенді моңғолдар «шар» (265 –бет), «орданы» «орд» дейді екен (235 – бет). Демек бұл да моңғолдың сөзі емес, қазақтікі.

Осы Сыр – Орда тұрған елде шошқа деген мүлде жоқ дейді Карпини (24 – бет). Қазақ шошқаны күні бүгінге дейін бақпайды.

Еділ мен Сары – Орда арасындағы елді Карпини «татары» деп атайды. Үйлерінде құлпы болмайды дейді (31 – бет). Және оларда нан жоқ деп жазады. Үлкенді сыйлау бұл елде басты салт, үлкенді сыйламағанды жазалайды дейді (32 – бет). Қыз да, әйел де атқа мінетінін айтады. Үйге табалдырықты басып кірген адамды өлім жазасына кеседі дейді.

Бәрі – қазаққа тән әдет.

Бұл ара бір кезде «монгал» аталған, онда төрт халық тұрған, біріншісі – иеке монгал, йағни ұлы монгал; екіншісі – су – монгал, олар өзін «татар» деп атайды, «татар» аталатыны су бойында тұрады, үшіншісі – меркит аталады, төртіншісі – мекрит немесе су – татар дейді (33 – бет). «Керейіт» дегенді Карпини «мекрит» деп отырған болу керек.

(Жалғасы 4-5 бетте)

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті аудан жұртшылығы! «Жаркент айнасы» газеті жарыққа шыққалы көтеріп келе жатқан өзекті мәселесінің бірі – елдің, жердің тарихына қатысты дүниелерді тауып, анықтап, жазып, жарияланым арқылы қалың оқырманға таныстыру. Жаркент аймағы ежелгі дәуірден адам баласы мекендеген аймақ. Мұнда тас дәуірінің, сақтар, үйсіндер, көне түркі кезеңінің, қазақ хандығының ескерткіштері сақталған тарихи жәдігерлері мол жер. Ортағасырлық Іле-Балық (2016, 2018 ж. қазба жұмыстары жүргізілді), Түргенкент, Аққент, Дөңгене, Жыңғылды сияқты қалалардың орны, тарихи-археологиялық мұрасы баршылық. Бұл жөнінде «Жаркент айнасы» газетінің (12.05.2019 ж) бұрнағы нөмірінде жарық көрген «Жаркент өңіріне тарихи-өлкетану мұражайы керек пе?» деген мақаламызда толық келтіргенбіз. Осы жоғарыдағы айтылған дүниелердің тозып, жоғалып кетпесі үшін сол тарихи орындардан табылған археологиялық жәдігерлерді сақтау әрі халық игілігіне жарату үшін Жаркент қаласынан тарихи-өлкетану мұражайын ашу жөнінде жоғары билік орындарына хат жазып, конференция ұйымдастырып, көпшілікпен ой бөліскен едік. Міне бүгіндері осы ұсынысымыздың шешімі ретінде Жаркент қаласындағы «Жауынгерлік Даңқ музейі» алдағы уақытта Жаркент Тарихи-өлкетану мұражайына айналмақ. Мұражай жұмысына табыс тілей отырып, аудан жұртшылығынан қолдарыңызда ежелгі дәуірден сақталып келе жатқан археологиялық, тарихи, тұрмыстық-этнографиялық, мумизматикалық, әдеби (көне қолжазбалар) жәдігерлер болатын болса мұражайға әкеліп, арнайы хаттама арқылы өткізулеріңізді өтінеміз. Бұл біздер мен біздің ұрпақтарымыздың өз жерінің тарихын біліп, оны қорғайтын ұлтжанды азамат тәрбиелеуімізге ықпал етері сөзсіз.

Мұражай адресі Жаркент қаласы, Қастеев көшесі 12 үй.

БАСПАСӨЗ – 2020

Құрметті «Жаркент айнасы» газетінің оқырмандары! Алдағы 2020 жылға газетке жазылу маусымы басталды. Газетімізге жазылып, ерлікке толы еліміз бен жазиралы жеріміздің, өңірімізден өткен баһадүр батырлар мен от ауызды билердің, орақ тілді ақындардың, елге билік жүргізген болыстардың, өмірі өнегеге толы өнер адамдары мен өлкемізден шыққан даңқты тұлғалардың тарихынан хабардар болыңыз. Газетімізде Сіз үшін құнды, тың мақалалар жариялауға тырысамыз. Жазылу «Қазпоштаның» барлық бөлімшесінде жүргізіледі. Индексі – 65161.

ЖАЗҒАНЫМЫЗДАН ЖАЗАРЫМЫЗ КӨП

«Жаркент айнасы» газетіне 1 жыл!

Тіл адам баласының қарым-қатынасының құралы екендігін есті адамдардың барлығы жазып кеткен. Тіл арқылы түсінісіп, тіл арқылы ойдағы ғаламат идеяларды екінші бір адамға айтып, оны да сол сөздің құдыретімен өзіңе баурап аласың. Көркем ойды тек тіл арқылы тізбелеп, тұшымды сөзге айналдырып, өзіңді қаумалап, қоршап тұрғандарға жеткізе аласың.

Біздер де бұдан дәл бір жыл бұрын ұлттық рухани даму үрдісіне үн қосайық деп он ойланып, жүз толғанып, бар дүниені таразылай отырып «Жаркент айнасы» деген ат қойып, айдар тағып газет ашқанбыз. Серіктерімнің бірі – тарих пәнінің мұғалімі, тарих ғылымдарының магистрі, Журналистер одағының мүшесі, «Тұлпардың тұяғымен жазылған тарих», «Жаркент өңірі: өткені мен бүгіні» кітаптарының авторы Қали Тұрдығазыұлы Ыбырайымжанов болса, екіншісі Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, «Әулиеағаш жапырағындағы жас», «Тағдыр тақтасы», «Жалғыз жұлдыздың жарығы» әңгімелер жинағы мен «Қылтұсау» романының авторы, Халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты, «Серпер» жастар сыйлығының және Ғ.Мүсірепов атындағы сыйлықтардың иегері, республикалық «Алаш ұстазы» журналының Бас редакторы Дархан Бейсенбекұлы болатын. Жаркент елінің ақсақал жазушыларының ақ батасын алып, жол болсын тілектерімен 2018 жылдың 5 қазанында алғашқы номерін жарыққа шығардық. «Жаркент айнасы» газетінің мақсаты мен мүддесі халыққа қандай бағытта қызмет көрсететіндігі алғашқы номерлерінде жазылған еді. Қоғамдық-саяси, ақпараттық-экономикалық, тарихи-танымдық бағдардағы басылым жыл ішінде айына екі рет жарық көріп, халықтың көкейінде жүрген біраз сауалдарын қанағаттандырған секілді.

Біздің шығысымызды мекендеген көршілерімізбен бағзы замандарда, бертініректе де жиі-жиі

аласапырандарға түсіп кеткен кездеріміз аз емес. Сол аумалы-төкпелі кезеңдерден ауысып, сақталып қалған, еліміздің аумағындағы жер-су, тау мен дала, ауыл-жұрт атаулары туралы нақты деректер тауып, жариялап, тарихи дүниелерге халықтың көзін жеткізу мақсатында мақалалар жариялап келеміз. Жаркент жерінің тарихын ұрпағымыз жақсы әрі жатқа білуге тиіс, бұл жастарымызды елжанды болып өсуіне тәрбиелейді. Жаркент шұратындағы үйсін мәдениетімен таныстыра отырып Жаркент, Түргенкент, Ілебалық сияқты 13-14 ғ.ғ. ежелгі қалаларға жүргізілген зерттеулер барысындағы жаңалықтарды, сол жердегі көмілген қойманың сырын ашқан, құнды, асыл бұйымдарға жасалған сараптамаларды да қосып жаздық. Жаркент өңірінен шыққан өнер мен әдебиетке айтулы үлестерін қосқан, қайталанбас тұлғалар: әнші Д.Рақышев, құдіретті қылқалам шебері Ә.Қастеев, қазақтың қара өлеңінін жинақтаушысы, ақын О.Асқар, жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Б.Нұржекеев, белгілі жазушы, киносценарист Ж.Қорғасбек шығармаларын толымды мақалалармен насихаттадық. Жергілікті ақын-жазушы, композиторлар Ә.Төреханов, Б.Жақыбаев, И.Жаркенти, новелла жазудың шебері Н.Бегімбет т.б. бар, «Жаркент айнасының» жанашыр оқырмандары әрі қаламдастарымыз болып отыр.

Көне, тарихы тереңге кететін Жаркент өңірі тоғыз жолдың торабында жатқандықтан топырағын басып өткен Ұлы Жібек жолы жергілікті өнерімізді, мәдени-тұрмыстық, колөнер әшекейлерімізді, атап айтқанда ою-өрнектеріміздің ерекшелігін дүниенің төрт бұрышына таратты. Соның жарқын көрінісі Жібек жолының бойымен алтын жіптің арқауындай суандардың тұрмысындағы, қолөнеріндегі өрнектердің жер түбіндегі аралды алып жатқан жапон еліне де жетуі. Ел-жұртымыз мұндай қызыға оқылатын мақаланы да біздің газеттен тапты. Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің «Бұл қазақ деген кеше мен бүгін қойылған ат емес, заман-заманнан келе жатқан ат» деген ілгеріде айтқан өзекті ойын қуалай отырып қазақ халқының тамырын тереңнен іздеп, қилы-қилы тағдырларына үңіліп, елін-жерін қорғаймын деп анталаған қалың жаумен арпалысып өткеніне тоқталдық. Орбұлақ шайқасының қазақ хандығы үшін тарихи маңызын айшықтаған материалдарды жариялай отырып, халқымыздың сол жеңістен қуат алып, ойрат хандығын жеңіп, жерге қаратқаны туралы да мақалалар газет бетінен ойып тұрып орын алды. Қазақ елі мен жерінің ұйқы-тұйқысын шығарған кешегі азамат соғысының ауыр кезіндегі қанқұйлы дұшпандармен күреске бел шеше кірісіп, арғы жақ пен бергі жақтағы бейбіт жатқан жұрттың тынышын кетіріп, дүрбелең туғызып жүрген атамандарды жойған ержүрек батырларымыздың көзсіз ерліктерімен де біздің газет таныстырды. Бұрын біздің баспасөз беттерінде жазылмай жүрген шекарада өткен зобалаң туралы, орыс жазушысының Кеңес өкіметінің қысымына шыдамай, жан сауғалап Қытай жеріне өтіп кетуге тырысқан қазақ, ұйғыр, дүнгендердің қарапайым шаруаларын топтап атқан, кескілеп азаппен өлтіргендігі жөніндегі «Кучер» повесі қазақ тіліне аударылып, «Қорғас қырғыны» деген атпен оқырмандарға жеткізілді. Бұл осы жерді қазақпен бірге мекендеп отырған адамдардың тарихымыздың ортақ екендігін, әрі бастан өткерген нәубеттерді білсін деген ойдан туындады. Жауржүрек батырларымыздың, от ауызды, орақ тілді билеріміздің, ел үшін жан аямай еңбек еткен ардагер аналарымыздың, ағаларымыздың, бұрынырақта өткен айтыс ақындарының өміріне шолу жасалды. 19-ғасырда патша өкіметінің отаршылдық саясатына қару алып қарсы күресіп, бірі атылып, енді бірі Сібірге айдалып қорлық тартқан Әтіке мен Нұржеке батырлардың ерліктері баяндалған толғау мен тәуелсіздік үшін күресін жалғастырған Ербол мен Ляәззаттың өмірінің ерлік көрсеткен шағы, олардың отбасының қиын күй кешкендері де жарияланды.

Жерімізден аттаған сайын табылатын құнды жәдігерлер кейбір алаяқтардың қолына түсіп шекара асып кетіп жатқаны ойға маза бермегені шындық. Міне осы мазасыз, халқымыз үшін өте маңызды мәселені біздің «Жаркент айнасы» газеті дәл уақытында көтеріп, аудан, облыс әкімдігіне дейін хат жазып, билік пен жұртшылықтың назарына салып, нәтижесінде «Ұлы даланың жеті қыры. Туған жер. Өлкетану. Тарих. Мәдениет» атауымен өткен конференциямен қорытындыланды. «Жаркент өңіріне тарихи-өлкетану мұражайы керек пе?» деген сауалдың жауабын көптеген маңызды мәселерді қозғаған осы конференцияның шешімінің жүзеге асу барысында көрінетіндігі байқалды.

Газет бұқаралық үнжария болғаннан кейін әр беттегі материалдардың оқырманға қызықты, тартымды, оны ойландыратындай мақалалар болу үшін қызметкерлердің үнемі ізденуі, адамдармен сөйлесіп, пікір алысып мәліметтерді салыстырып, іріктеп барып оқырман назарына ұсыну тұр. «Жаркент айнасы» газетін шығаратын үш адам өзімізді-өзіміз қаржыландыратын болғандықтан материалдық қиындықтарымыз тағы бар. Осы орайда туған елі мен жерінің тарихын, өркендеу, өсу жолдарын жақсы білу үшін бізбен бірге тарихқа жанашырлықпен қарап, газетіміздің таралымына көмек көрсеткен, демеушілік жасаған ауданның ардақты азаматтарының есімдерін ризашылықпен атап кетуімізге болады. Олар Т.Керімқұлов, Ә.Жолдасов, А.Жақыбай, кәсіпкерлер С.Ақсубаев, Т.Жапарқұлов, Н.Нүптекеев, Р.Тулақбаев пен аудандағы өтінішімізді ескерген өзгеде мекеме басшыларына алғысымызды білдіреміз.

Кез-келген жерінен көненің жәдігері жолығатын, басқан сайын кәрі тарихтын дерегі жолығатын, жерұйық Жаркент жерінің жақсы ісінің жаршысы «Жаркент айнасы» газеті алдағы уақыттарда да оқырман жұртшылықты жақсы жаңалықтарымен қуанта береді деп ойлаймын. Бір жыл дегеніміз уақытпен салыстырсақ онша көп мезгіл бола қоймағанымен осы аралықта халқымызды рухани сусындатуға жарайтындай материалдармен қамтамасыз ете алдық деп ойлаймыз. Әлі де жазғанымыздан жазарымыз көп дейміз.

«Жаркент айнасы» газеті алдағы 2020 (екі мың жылда бір келетін сан) жылы әр үйдің отбасында сүйіп оқитын басылымы болады деп сенемін.

Молот СОЛТАНАЕВ,
«Жаркент айнасы»
газетінің Бас редакторы

Тілі жоқ өзінде, тағылым мол сөзінде

1870 жылы «Түркістан уалаяты» газетінен бастау алатын қазақ баспасөзінің тарихы тереңде жатыр. Ахмет Байтұрсынұлы бастаған зиялы қауым ағарту ісіндегі ұлы күресті газет арқылы жүргізгені белгілі. Осы мақсатта 1913 жылы А.Байтұрсынұлының редакторлығымен «Қазақ» газеті дүниеге келді. Мерзімді басылымдар арқылы Алаш ардақтылары ұлттың өзін түзетуге талпынды.

Кеңес дәуірі тұсындағы газеттер қазақ қауымының рухани азығына айналды.Олар: «Еңбекші қазақ», «Кедей сөзі», «Мұғалім», «Қазақ мұңы» еді. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары еліміздің ақпараттық кеңістігінде үлкен дүмпу болғаны аян. «Алтын орда», «Жас қазақ», «Дала мен қала» т.б. көптеген мерзімді басылымдар ақпарат айдынына жол тартты. Солармен бірге біздің Панфилов ауданындағы «Жаркент өңірі»үнжариясының қатарын «Орбұлақ», «Жаркент айнасы» газеттері толықтырды. Біз бұған бөркімізді аспанға атып қуандық. Қуанбағанда ше, ақын-жазушылардың қара қазаны баспасөз емес пе! Қазаның көп болса, қарның тоқ дегендей...

Алғашқы екеуінен кейінгі дүниеге келген басылым «Жаркент айнасы» еді. Жазиралы жаркенттің есімін алған қоғамдық-саяси, ақпараттық-экономикалық, тарихи-танымдық бұл үнжария атына заты сай, шынымен жаркент өңірінің айнасына айналды. Директоры – белгілі жазушы-журналист Дархан Бейсенбекұлы, Бас редакторы – белгілі ұстаз-ақын, таришы Молот Солтанаев, Бас редактордың орынбасары – тарихшы-журналист, ұстаз Қали Ибрайымжанов. Жігіттердің әңгімесінен естігенім, бұл газеттің аты «Тарих айнасы» болуы мүмкін еді. Болашақта солай аталуы да ғажап емес. Себебі дүниеге келгеніне биыл жыл толып отырған сөзжарияның негізгі көтеріп отырған жүгі Жаркент өңірінің жер үсті мен жер асты тарихын халыққа жеткізу болды. Осы салада көптеген жетістіктерге жетіп те үлгірді. Алғашқы санынан бастап ел мен жердің әлі түрен түспеген тарихын қолдағы бар мәліметтерге сүйене отырып жаркент жұртына ұсынумен болды. Мысалы «Ескерусіз жатқан ежелгі ескерткіштер немесе кейбір атауларды жаңаша пайымдау» (Молот Солтанаев), «Шыңғысхан моңғол ма, қазақ па?» (Қали Ибрайымжанов), «Ұзақ батыр қай жерде соғысқан?» (Базархан Жақыбаев) т.б. авторлардың үзбей жазып келе жатқан дүниелері оқырмандарды қызықтырып ел мен жердің тарихын білуге қызығушылықтарын арттырып, сүйіспеншіліктерін оятты. Газет директоры Дархан інімнің кеңесімен мен де аудан өңіріндегі бірталай елдімекендер туралы өлеңдер жазып оқырман назарына ұсынған едім. Өзің тұрып жатқан өңірдің, елдің ежелгі тағдыры, өткені мен бүгіні кімді болса да елең еткізері хақ. Осы бағытта ауданымызда жарық көрген үш басылымның да көтерер жүгі жеңіл емесі анық. Сонау Үйсін дәуірінен бері қарай жерімізде отыздан астам қала болғанын осы газет мақалаларынан оқып, біліп жатырмыз. Тарихтан тағлым алатын жастар туған жерінің әр тасы мен әр бұтасына құрметпен қарап өсуі үшін бұл үлкен сабақ деп түсінеміз.

Аудандық кітапханаға бара қалсам «Жаркент айнасын» сұрап алып, сүйсіне оқып отырған жастарды жиі көремін. Өйткені ұлы даланың шекаралық бөлігі Жаркент жерінің асты да, үсті де шежіреге толы. Сол ен байлықты журналистер мен тарихшылар, ақын, жазушылар там-тұмдап суыртпақтап оқырман қауымға жеткізгісі келеді. Олардың әлі айтқандарынан, айтарлары көп екені белгілі. Сол салада қалам иелері мен оқырман ел-жұрттың арасына алтын көпір болатын баяғы мерзімді басылым – газет. Бүгінгі ел ішінде инстаграмм, телеграмм, фейсбук, уатцап, тағы басқа заманауи ақпарат құралдарын пайдаланып, газет-журнал оқымайды деген жаңсақ пікір бар. Әсірeқызыл еліктегіш жастар арасында ондайлар да бар шығар. Дегенмен халықтың басым көпшілігі газет оқудан тиыла қойған жоқ. Менің ойымша тиылмайды да. «Газеттің өзі – бір күндік, сөзі – мың күндік» деген ескі қағида мазмұнын әлі жойған емес. Жер-жерде болып жатқан күнділікті жаңалықтарды жеткізуде газеттен күшті құрал жоқ. Халықаралық қызу айтыс, Мәдениет және спорт жаңалықтары газеттер арқылы халыққа тарайды. Оны біліп отыру саналы қауым үшін өте маңызды.

Сөз соңында айтарым: «Жаркент айнасының» бір жылдық ғұмыры мың жылдық болсын! Атына сай Жаркент жұртының айнасы болып, біз байқамаған дүниелерді жарқ еткізіп жарыққа шығарып отырсын. Жер тарихы мен Ел тарихын өскелең жастардың санасына жеткізіп, өздерінің қайдан шыққанын, қайдан келгенін, қайда кетіп бара жатқандарын ұқтыратын ұлағатты ұстазы болсын! Аудан халқы түгел жазылып, жабыла оқитын мазмұнды да, маңызды сөзжарияң қайсы десе, міне дейтін дүниеге айналсын! Барымызды бағалай білейік ағайын!

Ислам-Ғали ЖАРКЕНТИ,
ақын, Қазақстан Жазушылар одағының
және Журналистеродағының мүшесі.

«ЖАРКЕНТТЕ ЖАМПОЗ ӨТКЕН МӘЛІК АТТЫ...»

Елеулі еңбек пен ер есімі ешқашан ұмытылмайды. Жазиралы өңірінің Кішішыған ауылындағы Мәдениет үйінде «Жаркентте жампоз өткен Мәлік атты...» кітабының тұсаукесер рәсімі өтті. Кітап ел үшін аянбай еңбек еткен Мәлік Балғабаевқа арналған.

Мәлік Рахымбекұлы 1945 жылы 7 қарашада Шығыс Түркістандағы Теректі жайлауында дүниеге келіп, сол жақта мектеп табалдырығынан аттап, сауатын ашқан. 1959 жылы ата-анасымен бірге тарихи отанына оралып, Жаркент қаласындағы Ы.Алтынсарин атындағы 10 жылдық мектепте оқыған. 1963 жылы мектеп бітірген жас Мәлік «Октябрдің 40 жылдығы» ұжымшарына жұмысшы болып қабылданады. 1972 жылы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің дербес комсомол хатшысы болып бекітілген. Арада бір жыл өткенде «Жаркент мешіт-сәулет көркемөнер мұражайына» ауысып, алдымен ғылыми қызметкер, одан кейін директор болып 30 жыл жемісті қызмет еткен.

Ислам-Ғали ҮРКІМБАЙҰЛЫ, *ақын:*

– Балғабаев Мәлік Рахымбекұлы туралы көп айтуға болады. Өйткені ол кісі осы Жаркент халқының әрбір жұмысына, әрбір ісіне жаны күйіп тұратын. Жаны тек күйіп қана қоймайтын, соған бел шешіп араласатын.

Жампоз жанның ізбасарлары бар. Сырлы кеште мектеп оқушылары Мәлік Балғабаевқа арналған өлеңдерін оқыды. Көз сүйсініп, көңіл толқыған кеште кітаптың тұсауы кесілді. Шығармашылығы таныстырылып, жергілікті өнер жұлдыздары жүрек тербетер ән шырқады.

Шолпан МҰҚАШҚЫЗЫ, *М.Балғабаевтың жұбайы:*

– Мәкең енді қарттық шаққа жетті деп айтпаймын. Алпыстан асар-аспас шағында ғана өмірден өтті. Сонда да денсаулығына қарамай, осы елі үшін, халқы үшін шамасы келгенше қызмет етті.

Кітап 300 данамен жарыққа шыққан. 204 бет, 6 бөлімнен тұрады. Ішінде Мәлік Балғабаевтың екі әңгімесі де бар. «Тегінде ел өз ерлерін ескеріп, ұмытпауы керек», – дейді кітап авторы Нұрәділ Бегімбетов.

Нұрәділ БЕГІМБЕТОВ, *аудандық Мәдениет және тілдер бөлімінің бас маманы, жазушы:*

– Алғаш жоғары білім алған, санасы ояу, арда азаматтардың бірі Мәлік Балғабаев еді. Ол кісі саяси көзқарасы өте сергек, ұлтжанды азамат болатын. Билік басындағы кейбір жандардың пендешілігіне қарсы шығып, халықтың сөзін сөйлеп, өз басын аямастан, өзінің қызмет-мансабын ойламастан соларға батыл айтып, елдің сүйіспеншілігіне бөленді.

Жиында риясыз естеліктер айтылды. Жұртшылық

келешекте Мәлік Балғабаевтың есімін көшеге беруді ұсынды. Тұсаукесерге келген жұрт кітап көрмесін тамашалап қайтты.

Медет ЖҰМАБАЙ

ҚАЗАҚ ЕЛІ – МӘҢГІЛІК ЕЛ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Тәңірі жаратқан жұмыр жер төсінде өзіне тән шаруашылығымен айналысып, тыныс-тіршілігімен күн көріп жүрген, нәсілдік ерекшелігімен даралған үш мыңнан астам ұлт пен ұлыстар бар. Солардың ішінде тарихтың тар соқпағы мен уақыт дауылына қасқайып қарсы тұрған, небір шарықтау мен құлдырау кезеңдерін бастан өткізіп, замана төрінен ойып орын алған, белгілі бір аумақты мыңдаған жылдар бойы мекендеп, атамекенін ұрпағына аманат етіп қалдырушы, рухы биік, қанында тектілігі арылмаған, қайталанбас мәдениетімен мемлекеттік дәрежеге жеткендерінің қатары екі жүзден асады. Жалпы мынау жаһандық деңгейдегі адамзаттың өмір сүруі жағдайындағы өрлеуі мен өсуінің әсерінен адамдардың танымдық қабілетінің артуы аясында әлемнің өзгермелі сипатқа енуі – халықтардың қауымдасып, қоғамдық өмір кешуі негізінде мемлекеттердің құрылуы, тарихтың кейбір кезеңінде олардың жойылып кетуі немесе өркендеп дамуы тұрғысындағы мәселелерге ғылыми көзқарастық жүйемен ақиқатқа негізделген тұжырымдамалық талдаулар жасау, өткеннің, тарихтың бұрмаланбай алғашқы түпнұсқа қалпында насихатталуына негіз болады. Осынау, тарихы ғасырлар тұңғиығынан бастау алатын мемлекеттік дәрежесіндегі ұлттардың бірі емес, бірегейі – өзіндік тілі, діні, ділі және салт – дәстүрі мен әдет – ғұрпы қалыптасқан Қазақ елі, Қазақстан мемлекеті!

Иә, қазір заман талабына сай ұлттық тарихымызды тану, түгендеу, жүйелеу бағыттары қарқынды дамуда, соның ішінде ең құндысы – біздің төлтума мемлекетіміздің тарихы екендігі даусыз. Уақыт шеңберіндегі өлшем бірлік – «дәуірлермен» тең жасасып келе жатқан «Ақиқат» атты абызға жүгінсек, киелі Қазақ жеріндегі ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік ерекше мәдениеті бар, Еуразиядағы көшпелілер өркениетінің темірқазығы, біздер, қазақтар екендігіміз әлемге аян. Археологиялық сараптамалар негіздері көрсеткендей Қазақ жерінің ежелгі тұрғындары сонау қола заманның өзінде-ақ бақташылық мал өсірумен қатар теселі жер өңдеумен де айналысқан. Қазақ халқының түп-тегі сонау, арғысы тарих тереңіндегі Арийлерге барып тіреліп, одан бергі мәліметтерге жүгінсек Ежелгі Тұран елі аталған: сақтар, үйсіндер, қаңлылар, ғұндар, көк түріктер тарихы біздің де ата тарихтың бастауы, қайнар көзі деп танысақ, еш қателеспейтініміз айдай анық. Мысалы: б.д.д. VII ғасырда өмір сүріп күллі Орталық Азияға билік еткен Алып Ер Тоңа (Афрасияб, кейбір деректерде Мадай қара) бабамыз бүкіл Түркілердің қазіргі мемлекеттері тарихындағы ұлы көшбасшы тұлға болып тұр. Енді бір қуаныштысы б.д.д. II мыңжылдықтың соңы мен б.д.д. I мыңжылдықтың алғашқы ширегінде Тур – Түрік, яғни, Ежелгі Тұран мемлекетінің шежіресін есептеп жіберсек 3000 жылдық тарих өзінен өзі-ақ сұранып тұр емес пе?! Осы Алып Ер Тоңа (Афрасияб) бабамыздың салдырған қаласы – Баласағұн, қызы Тұмар ханшайым (Томирис), ұлы Барысхан (М.Қашқаридың туған қаласы) атауларының қазақ тарихымен тығыз байланыстылығы баршамызға мәлім, ал, кейінгі ұрпақтары Қарахан мемлекетін (X ғ. Сатұқ Боғра хан) басқарса, арғы аталары - Пиш, Рад Нишин, Тура, Афридун Сақ елінде билік еткендігін ұмытпаған ләзім.

Бесшатырдан табылған қазақ ру – тайпаларының таңбалары, киіз үйге ұқсас бейіттер мен малдас құрып отырған кісі бейнелерінің табылуы, б.д.д. I мыңжылдықта өмір кешіп, біздің заманымыздан бұрынғы VII ғасырдан бері жазба тарихта таңбаланған Сақ тайпаларының Түркі тектес екендігінің бірден – бір айғағы деп тануға әбден болады. Сақтар тарихын зерттеуші ғалымдар өте бай патша обаларын салған тайпаларда мемлекеттіктің болғандығын мойындауда. Олардың жұртының үш патшалыққа бөлініп, әр патшалықты өз басилейі (бас елі, елбасы) басқарғандығы тарихи шындық. Және бұл үрдіс көне түркілерде болып, кейін қазақ елінде өзінің жалғасын тапты. Бұл қоғамда ел басқарушы патша – тек «патшалық рудан» сайланған. Б.з.д. IV – III ғасырларда аталмыш Сақ ұлысы ыдырап, орнына үш ірі – үйсін, қаңлы, алан тайпалық одақтары құрылған еді. Оларда алғаш көшпелі және жартылай көшпелі, уақыт өте келе едәуір дамыған егіншілік жер өңдеу шаруашылығы қалыптасып және де темірішілік, ағашшылық, зергерлік т.б. кәсіптермен айналысқан. Заман ағымына қарай Оңтүстік пен Жетісу аумағында ортағасырлық қалалық отырықшылық мәдениеті жақсы дамыды, әйгілі Сауран, Түркістан, Отырар, Сайрам, Сығанақ, Тараз т.б. қалалар ғасырлар қойнауында қалған осынау мәдениеттің көнекөз куәлары іспетті, аталмыш қалалар арасындағы өзара шаруашылық қарым-қатынастар халық арасындағы экономикалық байланысты жоғары деңгейге көтеріп отырған. Сондай-ақ, қазақ жерінің Шығыс пен Батысты жалғап жатқан Ұлы Жібек жолының бойында орналасуы да жергілікті тұрғындардың экономикалық және мәдени тұрғыдан жақсы дамуына оң әсерін тигізді.

Өткенге ой жүгіртіп, саралап қарасаңыз уақыт тезінен сүрінбей өткен біршама мемлекеттер тарихы көптеген көлеңкелі, түйінді, күрделі мәселелерден тұрады. Мәселен, батыстағы көрші Ресей мемлекетінің өткеніне бір сәт тоқталып өтсек, себебі, бұл елдегі билік өкілдері арасынан біздің мәдениетіміз бен ұлттық тарихымыз жайында жаңсақ пікірлер айтушылар әр кез ұшырасып қалуда. Бұлардың бәрі менің туған халқымның өткен өміріне, тарихи деректер мен мәліметтерге терең бойламай, асығыс айтылған сөздер ғой деп ойлаймын. Бірақ, бұл жағдай Қазақ елінің өз алдына жеке халық болып қалыптасуындағы ұзақ тарихи даму дәуірлерін бастан өткергеніне жасалған қиянат екендігі көңілге селкеу түсіреді.

Әсілі, қандай да бір халықтың шығу тегінің тарихы – тілінің шығу тегімен және антропологиялық түр – тұрпатының қалыптасуына негізделетінін көп жылғы зерттеулер қорытындысы көрсетуде. Ал, біздің ұлттық тарихымыз антропологиялық мәліметтерге «қазақтардың этностық үдерісі қола дәуірінде қалыптасып, темір дәуіріндегі сақ, үйсін, қаңлыларда одан әрі дамыды» делінген. Олардың мәдени – тарихи қауымдастықтары қазақ халқының ата тегінің бет-бейнесін этностық және антропологиялық жағынан қалыптастырғанын байқаймыз. Аталмыш мемлекеттер мен империялар тарих толқынында бірде дәуірлеп, бірде әлсіреп ғұмыр кешті. Енді, біздің арғы бабаларымыз құрған мемлекеттік бірлестіктердегі тіршілік иелерінің бірденбір қарым-қатынас құралы болған тілдік ерекшелік пен адам есімдеріне зер салсақ, заман ағымына қарай жазу таңбаларында шамалы өзгерістерге бой алдырса да, мәні мен мағынасының өзгеріссіз сақталғаны бірден байқалады. Соңғы зерттеулер нәтижесінде Ғұн империясы халқының түркі тілдес болғандығы анықталды. Сондай-ақ, көне түркі әліпбиінің, сақ қорғандарынан табылған жазулармен төркіндес екендігі айқындалған. Себебі, бұл тайпалар (**сақ, үйсін, ғұн**) арасында тілге байланысты ешқандай да қайшылықтар мен кедергілер болмаған. Иә, арада нешеме ғасырлар мен аласапыран замандар өтсе де, өлмей, өшпей белгісіз бір түйсік, сана-сезім арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан осындай салт-дәстүрлер мен тілдік сәйкестіктер, зерттеулер қорытындылары, біздің тарихымыздың әрі бай, әрі оның тамырының біз ойлағаннан әлдеқайда тым тереңде екендігін байқатады. Мысалы: Б.з.б. I мыңжылдықтағы **Сақ** дәуіріндегі – Тұмар патшайым, жауынгер Шырақ, қазақтарда (қазіргі кезде) Тұмар, Тұмархан, Шырақбек, б.з.б. I мыңжылдықтың ортасы **Ғұн** кезеңі – Шуньвей (қытайша), қазақша Шоң би, Тұман шаньюй – Тұманбай, Мөде – Мәді, Мәди, Еділ (Аттила), көне **Түркілер** – Мұқан қаған – Мұқан, Тонықөк – Тонықөк, Білге – Білгіш, **Қыпшақ** заманы – Айбек, Бейбарыс – Бибарыс, Шыңғыс хан – Шыңғыс, Жошы хан (Жолшы) – Жошы, Төле қаған – Төле би, **Алтын Орда** кезеңі – Бату, Жәнібек, Бердібек хандар - Жәнібек, Бердібек, Батухан (қазақта көп кездесетін есімдер), **Ақ Орда** заманы – Баян хан, Шымтай хан, Орыс хан, Барақ хан – қазіргі қазақтар арасында еш өзгеріссіз айтылады, Әбілқайыр – Әбілқайыр, **Қазақ** хандығы дәуірі – Керей, Жәнібек, Қасым, Есім, Хақназар хандар – бұл адам есімдері қазіргі қазақ ұлтында мәні мен мағыналары сол қалпында айтылып, қолданылады. Міне, өздеріңіз куә болып отырғандай сонау б.з.б. I мыңжылдықтан бері жиырма ғасырдан астам уақыт өтсе де, адам аттарының қазіргі қазақ қоғамында алғашқы қалпын сақтап, өз ерекшелігін жоймай қолданыста жүруі, Қазақ мемлекеттілігі мен туған ел тарихындағы ешқандай өлшеммен өлшенбейтін баға жетпес құндылықтардың бірі емес пе?! Сірә, Ресейдің жасанды тарихынан өзгешелігін, Қазақ тарихының әлдеқайда ақиқатқа негізделгенін өзіңіз де байқап отырған боларсыз, құрметті оқырман. Иә, Қазақтың, Қазақ хандығының, Қазақстан Республикасының тарихының алтын тамыры қайдан бастау алып таралатынын – көзі ашық, көкірегі ояу, ұлтжанды азаматтың өзі де ішкі түйсік пен сана сезімі арқылы сезініп те отырған болар. Осы төл тарихымыздың қастерлі алтын тамыры – кейбір жалған оқымыстылардың біздің өткенімізге қысастық жасап, қасақана ғасырлар көшінен адастырып, қанша рет бұрмаласа да, өз қасиетін жоғалтпай, ғасырдан – ғасырға құны мен дәрежесі артып асқақтай түсуде.

Менің Отаным – Қазақ елі, жері, Қазақстан мемлекеттілігінің өткен дәуірі, тарихы – мен үшін бір алып жанартау секілді сезіледі. Иә, ол әр дәуірдің белгілі бір кезеңдерінде оянып, дүр сілкінген сәтте, оның дүмпуі бүкіл Еуразияны қамтып, бұл дүние бөліктерінің дамуы мен жаңаруына ерекше серпін беріп отырған. Айналадағылардың оның ыңғайына бейімделіп, санасуға, мойындауға мәжбүр болғанына тарихи жазбалар куә. Оған мысал: Сақ патшайымының Парсы басқыншыларына тойтарыс беріп, тоқтатуы. Ғұндар Шығыста – көрші ел Қытайға алып қорған тұрғызуға мәжбүрлесе, Батыста бүкіл бір құлдық қоғамның жойылуына себепкер болып, қазіргі Франция, Италия, Грекия, Румыния, Германия, Венгрия сияқты әйгілі мемлекеттердің, ұлттардың қалыптасуына ұйытқы болған Еділ (Аттила) патша, тағы бір ғұн батыры Одоакр (Әдекер) 476 ж. герман тайпалары әскерін бастап көтеріліске шығып, сол жылы Рим империясын құлатып, құлдық дәуірді келмеске кетірді. Нәтижесінде, Еуропа халықтары дербес мемлекеттер құру мүмкіндігіне ие болды. Түрік қағанаты өз дәуірінде - Қытай, Парсы, Византия сияқты алып империялармен елшіліктер алмасып, терезесі тең халықаралық қарым-қатынас жасаған. Одан бері дүниенің төрттен үш бөлігін құзырына қаратып, бабалар ізімен батысқа жорық жасап, Алтайдан – Альпіге дейінгі аралықта билік құрған Шыңғыс хан ұрпақтарының шежіресі. Міне, осылай ғасырдан – ғасырға жалғасын тапқан ата дәстүрі сабақтастығының арқасында Жошы ұлысының шығыс бөлігі оның үлкен ұлы Орда Еженнің үлесіне тиіп, Ақ Орда хандығы қалыптасты. Ақ Орда территориясы қазіргі Қазақстан жерін түгелге жуық қамтыды, халқының этникалық құрамы – қыпшақ, қаңлы, үйсін, дулат, жалайыр, арғын, найман, керей, қоңырат, алшын т. б. тайпалардан тұрды. Араб тарихшысы Әл – Омаридың мәліметі бойынша: «Ертеде (Шыңғыс хан жорығынан бұрын) бұл мемлекет қыпшақтар елі болған еді». (Әл – Омари. «Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағы». I том, 235 – бет). Себебі, жоғарыда аталған қазақ тайпаларының бәрі бұл заманда «қыпшақ» деген жалпы атауды қолданған. Олар біртұтас территорияда тіршілік жасап, көшпелі және жартылай көшпенді мал шаруашылығымен айналысты, тілдері – қыпшақ әдеби тілінде (көне қазақ тілі) сөйлеп, барлық салада даму дәрежелері деңгейлес болды. «Қыпшақ елі» негізінде құрылған XIII ғ. - XV ғасыр басына дейін өмір сүрген Ақ Орда хандығының - бұрынғы қалыптасқан жер аумағының біртұтастығы сақталып, шаруашылық, әлеуметтік жағдайлар мен мәдениет және тіл тұтастығы одан әрі тереңдеп дамыды. Бұл кезең қазақтың халық болып қалыптасуына саяси негіз болып, оның даму тарихын байытып, тежеусіз жалғастырды. Осыншама қыруар деректер мен тарихи мәліметтердің сәйкестігін, баға жетпес құндылығын басшылыққа ала отырып, қорытындылай келе, Ақ Орданы қазақтардың хандығы, мемлекеті деп тұжырым жасауға әбден болады. XV ғасыр басында өмір сүруін тоқтатқан Дешті Қыпшақтағы бұл мемлекеттің орнына 40 жыл ғұмыр кешкен Әбілқайыр хандығы құрылды. (1428-1468 ж.ж.) Ол өз кезегінде Ақ Орданың заңды жалғасы еді, бірақ, таққа Орда Ежен әулеті емес, Шайбани ұрпағы ие болды. Сол бір XV ғасырдың орта кезеңінде қазақ жерінің батысын Ноғай Ордасы, Жетісуда Моғол хандығы, Сыр бойы мен Орталығында Әбілқайыр хандығы иелік етіп және де Әмір Темір ұрпақтарының шабуылы елдің берекесін әбден кетіріп, саяси бытыраңқылық шарықтау шегіне жеткен шақ еді. Осынау қиын – қыстау заманда Шайбан тұқымынан тарайтын Әбілқайырдың билігін мойындамаған Ақ Орданың ақырғы билеушісі Барақ ханның ұрпақтары Керей мен Жәнібек сұлтандар өздерінің жеке ұлттық мемлекетін құру мақсатында Жетісудың батысындағы Қозыбасыда 1465 – 1466 жылдары Қазақ хандығының ұлттық туын тігіп, шаңырағын көтерді. Қазақтардың ханды төре тұқымынан сайлау дәстүрінің, елбасын «патшалық рудан» тағайындайтын ежелгі Сақтар дәстүрімен сәйкестігі, ата-баба салтының рухани құндылығы мен тарихи сабақтастығы бірденбір айқын дәлелі болса керек. Қазақ мемлекетінің негізін қалаған бұл әулет бабалар жолын берік ұстанып хандық тағында 300 жылдан астам уақыт билік құрды. Хандықтың құрылуы мен нығайып дамуы қазақ халқының тарихындағы ас ірі маңызды белес болып, түрлі хандықтардың қоластына қараған қазақ тайпаларын топтастырып, бір ту астына жинады. Нәтижесінде, қазақтың этникалық территориясы біріктіріліп, көптеген ғасырларға созылған халық болып қалыптасу үрдісін толық аяқтады. Сөйтіп, Қазақ хандығының нығаюы ішкі қырқыстар мен талас-тартысты жойды. Іргесі бекіп, күш-қуаты мен беделі жылдан жылға артып, саяси және әлеуметтік-экономикалық жағынан дамып, Орталық Азиядағы мықты мемлекетке айналды. Оған мысал: кешегі XVI ғасырдағы Қазақ хандығының дәуірлеу кезеңі Жәнібек ханның ұлы Қасым сұлтанның есімімен тығыз байланысты. М.Х.Дулати өз еңбегінде «Қасым хан Дешті Қыпшақты өз билігіне алғаны соншалық, Жошы ханнан соң ешкім де ол сияқты жоғары билікке қол жеткізе алған жоқ» деп, атап көрсетті. Оның шығарған заңы тарихта «Қасым ханның қасқа жолы» деген атаумен осы күнге дейін ел аузынан түскен емес. Заман ағымына қарай қоғам сұранысын қанағаттандыратын жаңа құқықтық заң шығарып, мемлекеттік билікті нығайтып, хандықтың әлеуетін күшейтті. Сол кезеңде Қазақ хандығы – Мәскеу мемлекетімен, Иран шахы I Исмаилмен халықаралық қатынаста болды, қарқынды дамыған Қазақ елі туралы мәліметтер Батыс Еуропаға да жеткен. Бұл үрдісті жалғаған Хақназар, Тәуекел, Есім, Тәуке, Салқам Жәңгір, Абылай, Кенесары т.б. сияқты кемеңгер хандар, Сырым, Исатай мен Махамбет, Жоламан, Жанқожа, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, ұзын мұртты Ұзақ, Райымбек, Аралбай, Сатай, Бөлек секілді көптеген жанкешті батырлар, Үйсін Төле, Қаздауысты Қазыбек, Әйтеке сынды дана билеріміз Қазақ елінің тәуелсіздігін, дербестігін XIX ғасырдың II жартысына дейін кеудедегі жандары шыққанша, қасық қандары қалғанша көздің қарашығындай сақтап, қорғап келді...

XX ғасыр соңында Қазақ мемлекеттілігі, тәуелсіздігі қайта қалпына келіп, Еуразия кіндігіндегі алып жанартау дүр сілкініп, қайта оянды. Бұл жолғы сілкініс пен дүмпудің қуатының күштілігі сондай – ол Еуропа мен Азияны жарып өтіп, төртқұл дүниенің бәріне жетті. Аз ғана уақыт ішінде қарыштап дамудың жарқын жолына түсіп, жоғары жетістіктердің шырқау шыңына шыққан Қазақ елінің дүниетанымы мен рухани байлығының ғажайып күш-қуаты жылдан жылға артып келеді. Ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы кетілетін әлемде көлемі жағынан 9-шы орын алатын ұлан-байтақ жері бар, өзіндік қайталанбас бірегей мәдениетімен ерекшеленетін, сондай-ақ, ата-бабадан қалған салт-дәстүріне, дініне адал, қазақ ұлтының даралық қасиетін, батырлығы мен жомарттығын, дархандығын бүкіл әлем мойындады. Тәңір ие бұл жолы да мейірім мен шапағатын аямай төгіп, қазақтың әлемдік, халықаралық дәрежеде танылуына дем берді. Мәңгілік ел идеямыз жүзеге асып, Қазақ мемлекетінің тұғыры берік болсын! Жаса мәңгі Қазағым, қалың елім!

Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ,
Тарих ғылымдарының магистрі

БІР ӘРІПТЕН

(Басы 1-бетте)

РУХАНИ ЖАНҒЫРУ

«Иеке» деп отырғаны – көне түрік сөзі, «үлкен» деген мағына береді, кәзіргі кезде үлкен кісілердің атына құрмет ретінде қосылып айтылады: Тұрғанды Тұр-еке, Нұрланды Нұр-еке дейміз, т.с.с. Ал ол кездегі «су» мен кәзіргі «судың» айырмасы жоқ, Карпинидің «водяные монгалы» дегені – оған дәлел. «Су» дегенді моңғолдар «ус» (278 – бет) дейді. Суды көне түріктер де «ус» деген. Шыңғыс хан иеке моңғал екен. «Олар өзін «тартар» деп атаған», – дегенді де айтады Карпини.

«Татар» дегенді «тартар» деушілер тарихта бар. Сөздің құрылымы мен тегі жағынан бұл екі сөз де түрік сөзі. Тартар, ұрсар, құртар, татар, сатар, жатар деген сөздердің құрылымы – бір. «Тартар» деген тартып алуды білдірсе, «татар» деген дәм татуды аңғартады. Дәл мағынасы бүгінгі күнде көмескіленген.

Император, йағни Күйік қаған салған қала Омыл, йағни Еміл атаныпты (34 – бет). Бұл да көне түрік сөзінен тұратын сөз, «ему» сөзімен төркіндес. Күйік хан «бүкіл татарды өзіне құл қылып алды» дейді Карпини (34 – бет).

Әскери терміндерді Карпини түпнұсқада қалай жазғаны белгісіз, аудармада онбасы, жүзбасы, мыңбасы және түменбасы деп орысша берілген. «Түменді» «тьма» депті. «Тым көп» деген мағына беретін бұл сөз – орыс тілінде бүгінге дейін «тьма».

«Татары являются владыкой над жителями», – дейді Карпини (50 – бет). Оның жазуына қарасақ, мұндағы жердің қожасы – татарлар, ал моңғалдар – олардың басшысы. Демек татар мен моңғал – біртектес халық.

«Татарлардың ойы, қолдарынан келсе, жер жүзін бағындырып алу», –дейді Карпини (52 – бет). Біресе «татар» деп, біресе «моңғал» деп жүргеніміздің түбі бір-ақ халық екені осыдан-ақ көрініп тұрған жоқ па?

Күйік ханның Батудан жоғары екенін айта келіп, «на их языке именующейся Кан, Куйук», – дейді (53 – бет). «Кан» дегені, әрине, «хан», бұл арадағы үтір – аудармашының немесе баспаның қатасы. «Хан Куйік» қой, бірі – лауазымы, бірі – аты. Бұл екеуі де әлі күнге дейін қазақтың сөзі. Демек ол тіл – түрік тілі, оның ішінде кәзіргі қазақтың бұрынғы тілі. Күйікке тіл қатқысы келгендер: «Күйік!» – деп атын атамай, «Хан!» – деп лауазымын қоса сөйлеген ғой.

«Рус жерінің көбін татарлар қырды», – дейді Карпини (59 – бет). Демек орыстарды билеген кәзіргі моңғолдар емес, моңғал мен татарлар. Олар билеген жерде төрт үлкен өзен бары айтылады: Днепр, Дон, Волга, Яик. «Днепр» сөзінің төркіні «нөпір» сөзі болар деп ойлаймын, ағысы қатты болса керек, ал «Дон» деп отырғаны – Дөң, түрік сөзі (қазақ). «Волга» дегені, сірә, аудармашының сөзі, ол кезде ол өзен Еділ (Итил) аталған. Ал «Яик» дегені – Жайық. Төрт өзеннің бірде-бірі кәзіргі моңғол халықының тілінде аталмаған.

«Бату очень милостив к своим людям», – дейді (63 –бет).

«Кангит жеріне келдік», – деп (63 – бет), Янкинт, Бархин, Орнас атты мекендерді атайды (64 – бет) «Кангит» қаңлы болса, Янкинт – Жанкент, Бархин – Баршын, Орнас – Орнас болар. Бәрі де ежелгі қазақ сөздері.

Карпинидің жазғандарын мұқыят қарап отырсаң, ол кәзіргі Моңғол халық республикасының жеріне жетпей, Сары – Ордадан қайтқан. Жер-су атауларының бәрі көне қазақ тілінде. Бұл не сонда? Біздің қателік пе, тарихтың қателігі ме? Әлде Шыңғыс хан өлгелі бергі он сегіз жыл ішінде бүкіл моңғол тез арада түрікteніп кеткен бе?

Карпини Күйікті ұлы қаған сайлау рәсіміне қатысады. Оны қаған сайлайтын күні қатты бұршақ жауып, сайлау келесі күнге қалдырылады.

Осы арада аудармашының тіл білмеушілігі шындықты қалай бүлдіретініне көз жеткізетін бір мысал бар. Орыс тілінде: «более 160 человек утонуло там же при дворе», – десе (32 – бет), Тілеуберді Әбенайұлы аударған қазақшада: «160 шақты адам түгелдей бұршақ суына малшынды», – делінген (17 – бет). «Утонуло – суға батып кетті» дегенді білдіреді. Суға батып кету мен суға малшынудың арасы жер мен көктей емес пе?

Карпинидің біз үшін өте бір тың дерегі мынау болар.

Күйік ұлы хан, йағни қаған сайланғаннан кейінгі жағдайды жаза отырып былай дейді: «...там на одной прекрасной равнине, возле некоего ручья между горами, был приготовлен другой шатер, называемый у них Золотой Ордой» (67 – бет). Бұл, әрине, Алтын Орда дегені. Ал «Алтын Орда» қазақтың сөзі ме, моңғолдікі ме? Алтынды моңғолдар – «алт» (25 – бет), орданы – «орд» десе (235 – бет), онда неге «АлтОрд» деп жазбайды Карпини? Ал аудармашының атау сөзді өз аталуында жазбай, «Золотая Орда» деп орыс тіліне жазуының өзі – әділетсіздік. Атау сөз (жалқы есім) аударылмай, өз аталуынша «Алтын Орда» деп жазылуы керек-ті.

Қазақта «Бір жоқты бір жоқ табады» деген сөз бар. Біз үнемі Алтын Орда аты аталса, оны Еділ бойынан іздейміз ғой, ал Карпини оның Қарақорым қасында екенін жазып отырған жоқ па? Демек Бату Алтын Орданың Еділ бойындағы билеушісі болғаны ғой? Ал Алтын Орданың басты иесі – Қарақорымдағы Күйік.

Енді Шыңғыс хан қазасынан соң 26 жылдан кейін, йағни 1253 – жылы шығыс еліне сапар шеккен Гильом Рубруктың «Путешествие в восточные страны» атты кітабіне көз салып көрейік (Бұл да Карпинидің кітабімен бірге басылған. Алматы, «Ғылым» баспасы, 1993 ж.).

Карпини Күйік хан тұсында келсе, Рубрук Мөңке хан билеп тұрған кезде келеді. Ол да алдымен Сартаққа соғып, сонан соң Бату ордасына барады. Ол бірақ татарды «татар» дегенмен, моңғалды «моал» деп жазады. Бұл, әрине, «моңғол» деген сөз емес, алайда үндестік заңы бойынша сөйлейтін түріктің де таза сөзі емес, өйткені үндестік заңымен сөйлейтін елде екі дауысты дыбыс түбір сөзде қатарлас келмейді. Сондықтан «моал» сөзінде ортадағы «о» мен «а» – ның арасында тағы бір дыбыс бар болады, оны Рубрук, сірә, айта алмаған. Ал ол айта алмаған дыбыс «ғ» болуы мүмкін. Сонда «моғал», «моғол» дегенді Рубрук «моал» деп отырған болуы мүмкін.

«Моал немесе татарлар» (80 – бет) деп, Рубрук оларды теңестіріп жазады. Екеуінің ол үшін айырмасы жоқ.

Олардың негізгі сусыны қымыз (кумыс) екенін жазады (82 – бет). Оны моңғолдар «ашыту айраг» немесе «ашту айраг» дейді екен (жоғарыда айтқан сөздік, 204 – бет). Өзінің негізгі сусынын өзге тілде айтатын болғаны ма моңғолдың? Оны Рубрук «кобылое молоко» деп анық жазған. «Кара – космос т.е. черный кумыс», – дейді ол (84 – бет). Оны сыйлы адамдарға арнап әзірлейді екен. Сартақ, Күйік, Мөңке – бәрі моңғол болса, негізгі сусындарына қазақтың «қымыз» деген сөзін пайдаланғандары қалай? Және олар сүттен «гриут» жасайды екен (84 – бет). Онысы, әрине, құрт. Қазақ сөзі. Ал моңғолдар оны «ааруул» дейді екен (199 – бет). Сусынын да, тамағын да қазақша атайтын бұл моңғол сонда қандай халық?

Ол жерде «согур» (85 – бет) аталатын саршұнақ көп дейді Рубрук. «Согуры», әрине, суыр. Оны моңғолдар «тарбага» дейді (279 – бет). Бұған қарағанда, моңғолдар моал да, татар да емес. Өйткені олардың тілі де, сөзі де басқа.

Ол арадан «аркал» (85 – бет) деп аталатын аң көргенін жазады. Онысы – арқар. Арқарды моңғолдар «аргаль» (31 – бет) дейді.

Сүттен «аира» жасайтынын жазады. Айранды моңғолдар «сараг» дейді (20 – бет). Ұқсамайды.

Христиандар қымыз ішпейтінін айта келіп, командар ішінде «капчайт» атты ел бар екенін айтады (94 – бет). Тілі келмей ме әлде дұрыс естімей ме, «қыпшақ» дегенді солай жазыпты. Ал менің білуімше, қыпшақтар ешқашан моңғолға жатпаған.

Ол ел балықтың бір түрін «чебак» (95 –бет) дейді екен. «Шабақ» дегенді моңғолдар «уылдырық» дейтін көрінеді (343 – бет). «Хан» дегенді «хаан» (343 – бет), мергенді – «мэргэн» (218 – бет), батырды – «баатор» (57 – бет) дейді екен.

Сартақ жанында оның Қатай деген қызметкері: «Оны христиан демеңдер, ол – моал», – депті. Ол «моал» деп атауды ұнатады екен (98 – бет).

Оның естуінше, ерте кезде Моал халқының ішінен Чингис деген кәсіпкер шығыпты.

«Моалдар бұрынғы атты жойып, өз татар-моалын жоғарлатқысы келеді», – дейді Рубрук (104 – бет). Бұған қарағанда, моалдың өзі татарлардың арасынан шыққаны айқын көрініп тұрған жоқ па?

Батудың алдына кіргенде Рубрук өзінің жүрексінгенін жазады. «Двор на их языке называется «ордой», что значить середина», – депті (104 – бет). «Орда» сөзінің тегі «орта» сөзінен дегені орынды шығар деп ойлаймын. Ондай мағына моңғол тілінде жоқ.

Мөңке дегенді Монгу дейді. Батудан Мөңкеге дейін төрт ай жол жүріп жетеді. Сол араның бәрі моалдар мен татарлардың билігінде екенін айтады. Жолда Кангле жерінен өтеді. Қаңлы да моалдарға қараған ел екен. Этил және Ягак өзендерін айтады (Еділ мен Жайық). Бұл жерден Гундар шыққанын, ұлы Булгарияның да моалдарға қарайтынын сөз етеді (107 – бет). Гундардың Венгір жерінде Панноние аталатын мекен тапқанын жазады (108 – бет). Оны Геродот та жазған.

Бату мен Мөңке билеген елден «кулан» деп аталатын есектің түрін көргенін де жазады (109 – бет). Құланды моңғолдар «хулан» дейді екен (196 – бет). Талас қаласын дәл жазады, одан бір айлық жол жүретін жерде Болат деген қала бар екенін де айтады (110 – бет). Онда қара қытайлар тұрады дейді. Талас пен Болаттың қазақ сөзі екеніне ешкім таласа қоймас.

Іледен (атын атамады) өткен соң, парсыша сөйлейтін саррациндар тұратын Эквиус атты шағын қалаға келгенін жазады. «Экви» – «екі», «ус» –«су» деген сөз, ал қала Екісу немесе кәзірше көркемдеп айтсақ, Қосөзен деген атау болар деп шамалаймын. Өйткені Талдықорған қаласынан он сегіз шақырым батысында Қаратал мен Көксу өзендері бір-біріне қосылған жерде көне қаланың орны бар, «Екісу» қаласы сол арада болған-ау деп шамалаймын. Ол қала туралы кезінде Бартольд те, Тынышпаев та жазған. Одан кейін Кайлак (110 – бет) атты қалаға келгенін айтады. Бұл қаланы тарихшылар Қойлық деп жүр. Мен оны Қайылық болар деп болжаймын. Өйткені қазақ Қойлық, Жылқылық деп қалаға ат қоймаса керек, қой мен жылқысы жоқ жер бар ма? Дешті қыпшақ жерінде бұрын Үйсін, Күн мемлекетімен қатар Қаңлы деген де мемлекет өмір сүрген. Ол мемлекетке қараған Қайы атты тайпа болған. Сол Қаңлының 50 мың қайысын кезінде Есенбұға Анадолы түріктеріне бастап барған. Әйгілі Ертұғырыл батыр осы Қайыдан шыққан. Арқадағы Торғай жері де Торы Қыпшақ пен Қаңлының Қайлы тайпасының қосылған жұрты. Алматы облысындағы Шелек ауылының маңындағы Торғай да Торы мен Қайының мекені. Соған қарағанда, Қойлық деп жүргеніміз де Қайылық болу керек. Ол қала кәзіргі Алакөл ауданына қарайды.

Рубруктың «югур» дегені – ұйғыр. Ол да моалдар мен татарларға қосылған ел. Мөңке хан солардың жазуын қолданады. «Моалы и татары принадлежат к их сектам», – дейді Рубрук (113 – бет). Мұнысы – олар да мұсылман дегені. Ұйғырлардың түбі түріктер екені анық жазады (115 –бет).

Қытайларды да, тибеттерді де өзіне қаратып алған кәзіргі моңғолдар емес, моалдар екенін де анық жазады (116 – бет).

«Хан» деген лауазым, меніңше, қалмақта (моңғолда) болмаған. Кан хан, йағный Күйік хан өлгенде, онымен бірге үлкен ұлы және 300 татар өлтіріліпті (114 – бет). Ол моңғол болса, неге онымен бірге моңғолдарды емес, татарларды жерлеген?

Қымыздың бұл да «каракосмос» деген түрін айта келіп, «бал, т.е. напиток из меда» дейді (124 – бет). «Бал» қазақ сөзі екеніне ешкім дау айта қоймас. Мөңке төрт тарам сусын ағатын тетіктің бірінен «каракосмос» деген қымызды, бір тарамынан «бал» атты сусынды ағыздырып қойса, ол қалайша моңғол болады? «Бал» дегенді моңғолдар да «бал» дейді екен (52 – бет).

Мөңкенің бірінші әйелі – Койата-Катен депті (129 – бет) «Катен» дегені, қазақша – қатын, моңғолша – хатан (181 – бет). Ал «Қойата» дегендегі «қойы» – «қой», «атасы» – «ата». Моңғолша «қой – хонь» (185 – бет), «ата – ааб» (35 – бет).

Қарақорымда «базар» бар дейді (140 – бет). Базарды моңғолдар – «зах зээл» дейді екен. (49 – бет) Және екі «мечет» бар дейді (146 – бет), оның қазақшасы – мешіт екені даусыз. Моңғолдар оны «сум хийд» дейді (219 –бет).

Мөңке хан Рубрукты қабылдағанда былай депті: «Мы, моалы, – сказал он, – верим, что существует только единый Бог» (154 – бет).

Шыңғыс ханның да, Бату мен Күйіктің, Мөңкенің моал екеніне, меніңше, дау жоқ. Мәселе тек сол моалдың кәзіргі қай халық екенінде ғана: моңғол ма, қазақ па?.

Болат қаласы мұнда да айтылады «У нас» – бізде Болат деген қала бар, – деп Мөңке анықтап айтады (155 – бет). Онда қару-жарақ жасалады екен.

Хан қабылдайтын адамдары оттың ортасынан өткізеді екен, ол – қазақтың көне ырымы. От – тазалушы.

Ол халықтың көктемде жаңа қымыз ішу рәсімі барын, оны олардың үлкен мейрам етіп өткізетінін жазады. Айтуына қарағанда, ол – біздің қымызмұрындық мерекеміз (150 – бет). Олар көкте бір құдай болса, жерде бір Шыңғыс хан бар деп есептейді екен. Оны құдайдың ұлы деп бағалапты. (159 – бет).

Мөңке хан өзінің француз кәрөлі Людовикке жазған хатында: «Біз, Моалдар, Наймандар, Меркіттер, Мустелемендар боламыз», – дейді (160 –бет). Осы арадағы соңғы үтірге мен сенімсіздікпен қараймын. Өйткені «мустелеманами» дегені «мұсылмандармыз» дегені ғой. Себебі «мустелемандар» деген халық о заманда да, бұ заманда да болған емес. Ал кәрөлге хат жазылып жатқан тұста, моал, найман, керей, меркіт – бәрі де мұсылман болған. «Қаламмен жазылғанды қайламен бұза алмайсың». Ал бір замандарда кәзіргі моңғолдар мұсылман болды дегенді өз басым естіген де, оқыған да емеспін.

Моалдардың билеуші халық екенін Рубруктың мына сөзі де аңғартады: кәрөлге хат моал тілінде жазылады (113 – бет) және хан сарайына баратын бір есік жайында «оған моалдан басқалар кіре алмайды», – дейді (114 – бет).

Мерзімі біткен соң, Рубрук Қарақорымнан Еділ бойындағы Сарайға, йағни Бату ордасына қайта оралады. Екі ара – бір мемлекеттің жері. Тілі де бірдей, жейтін тамағы, салт-дәстүрі, тұрмысы – бәрі бірдей. Тілі моалша немесе татарша, бірақ кәзіргі моңғолша емес.

Қарап отырсақ, Карпини мен Рубруктың ара-тұра жазып кеткен атау сөзінің бәрі кәзіргі қазақ тілімен бірдей. Олар өз мемлекетін сол тілде басқарады. Сонда қалай, Шыңғыс хан да, Бату да, Күйік те, Мөңке де – бәрі қазақ тілін меңгерген моңғолдар болғаны ма?

Енді осы монгал мен моалдың қай арада нақты мекен еткенін анықтап көрейік. Ол үшін тағы Карпини мен Рубруктың жазғандарына жүгінейік.

Карпини жүріп өткен жолын Рубруктен гөрі сараң айтады және біресе шегініп, біресе ілгерілеп, әр кезде әр жолын еске алып отырады. Алайда екеуінің де бір тау арасынан шыққан күшті жел туралы жазғандарына қарап, екеуінің де бір жолмен жүргенін байқаймыз. Ол жердің қай арада екенін Рубрук өте дәл жазады. «Мы выехали из вышеупомянутого города Кайлака в праздники святого Андрея, и там поблизости, в трех лье, – дей келіп, – в этой долине почти беспрестанно дует столь сильный ветер, что люди проезжают с великим опасением, как бы ветер не унес их в море», – дейді (117 – бет). Қайылықты да, Ебі желінің де, Карпини «теңіз» деп отырғаны ежелгі Көкше теңізінің шығыс жақ шеті Алакөлдің де Жетісу жерінде екеніне қай тарихшы, қай географ дау айта алады?

Ертеректе, Карпинидің жазуынша, наймандар мен қарақытайлар мол қол жинап монгалдарды шауыпты. Екі таудың ортасындағы аңғарда соғысады, «в некую долину, сжатую между двух гор, через которую проезжали мы, отправляясь к их императору», – дейді (34 – бет). Сол ұрыста монгалдардың жеңгенін жазады.

Оның бұл айтып отырған жері, әрине, Жоңғар Алатауы мен Іле Алатауының арасы. Демек Карпини жазып отырған «монгалдар» осы арада өмір сүрген қазақтардың ата-бабасы.

Қайылық қаласында болғанын айта келіп, Карпини: «... в этой земле живут Орду, старший над Бату. Мало того он древнее всех князей татарских, там имеется так же орда, или двор его отца, в котором живет управляющая им одна из его жен», – дейді (64 – бет)

Бұл айтып отырғаны, сөз жоқ, Шыңғыс ханның ордасы.

«Олардың (моалдардың – Б. Н.) алғаш тұрған жері және Шыңғыс ханның сарайы болған мекен Онанкеруле деп аталады», – дейді Рубрук (101 – бет). Мұнысы – Өнән мен Керулен (Керөлен) өзендерін қосарлап айтқаны. Моңғолша Онон немесе Онын және Керулен сөзінің мағынасы жоқ. Түрікше немесе қазақша ол сөз Өнән және Кері Өлең. Өнән десек, «нән» сөзінің төркінін түсінеміз, «дария», «үлкен су» деген мағына береді. Керулен деген – Кері және өлең сөздерінің қосылысы, кері аққан өзен деген мағына береді. Ал енді осы жер қайда?

Қайылық қаласында Рубрукты моалдар он екі күн кідіртеді. Бату жіберген жолбасшыны күтеді. Және сол арада оларды үйіне қондырған жам (ям, бекетші) тағы кідіртпек болады. «Когда же мы были еще на 5 дней пути от него (Мөңкенің мекеніне дейін – Б.Н.), тот ям, у которого мы провели ночь, хотел было наставить нас по какой-то обходной дороге, так что нам надлежало бы страдать еще более 15 дней. И как я узнал, ему хотелось делать это для того, чтобы мы проехали через Ононкеруле, т.е. через их собственную землю, в который находиться двор Чингис – хана» (119 – бет).

Міне, көрдіңіз бе, Карпинидің «двор его отца» дегені Шыңғыс ханның сарайы болып шықты. Рубрук екеуінің сөзі бір жерден тоғысты.

Сонда Шыңғыс ханның өз сарайы Қайылық қаласының маңында болса, онда кәзіргі моңғолдың елі қайда, жері қайда? Және Онон да, Керулен де осы арада, Шыңғыс ханның ордасы тұрған жерде деп Карпини мен Рубрук ап-анық жазып отыр ғой.

Қарақорым деген жер олардың алғашқы мекендеген жері болғандықтан, олар өз ханын сол маңайға апарып сайлайтын дәстүрі бар дегенді айтады Рубрук (101 – бет). Ал алғашқы Қарақорымның қай арада екенін әркім әр қилы болжайды. Алайда атамекен болған Қарақорымды қасиеттеп, Шыңғыс хан ұрпақтары салған кейінгі Қарақорым қалашығының орнын орыс ғалымы Ядринцев анықтаған. Ал Рубрук айтып отырған жер – одан бұрынғы атамекені. Кәзіргі Кербұлақ ауданын жайлайтын жалайырлардың айтуынша, бұл күнде Матай аталатын тау бұрын Қарақорым аталған. Ол Бесшатыр обаларының солтүстік желкесінде, Алтынемел тауының батысында, Іле бойында.

Шыңғыс ханның атамекенін анықтау үшін, басы ашық бір жағдайға көңіл аударған жөн. Карпини де, Рубрук те кәзіргі моңғол жеріне бармаған, оған жетпей, бірі Қарақорым маңынан, екіншісі Қарақорымның өзінен оралған. Олар тіпті ұйғыр

АДАСҚАН ТАРИХ

мен ойрат жеріне де аяқ баспаған, тек кәзіргі Жетісудың шетіне жетіп тоқтаған. Ұйғырлар туралы айта келіп, Рубрук: «Каракорум стоит как бы на их территории», – дейді (114 – бет).

Ал енді онша қиналмай-ақ картаға қарай қойыңыз: Моңғолия ұйғырлардың ар жағында ма, бер жағында ма? Шығысында ма, батысында ма?

Бұл – тіпті дауға жатпайтын ақиқат.

Бату ханнан шығып, олардың меншікті жеріне барғанын Карпини анық жазады: «к императору Куйюку, в их собственную землю», – дейді (63 – бет). Дәлел деген – осы. Күйіктің өз жері – Жетісу.

Рубрук ұйғырлардың Шыңғыс ханға көрші ел екенін, ол ұйғырға қызын бергенін (114 – бет) айта келіп, олардың ар жағында тибеттер тұрады, одан арыда лонга мен солонголар, одан ары мук деп аталатын адамдар, одан арыда Ұлы Катайлар тұрады дейді (115 – бет).

Ал кәзіргі МХР – ың шығысында, йағный ар жағында қай ел бар? Ел жоқ.

Бәрі қолмен қойғандай: Шыңғыс ханның, йағни моалдардың мекені шығысында ұйғырмен шектеседі, ол – бүгінгі Жетісу.

Осының өзі-ақ Шыңғыс ханның, кәзіргі Моңғол халық республикасының жерінде туып-өспегенін дәлелдеп тұрған жоқ па?

Шыңғыс хан жайында ең көлемді, ең тыянақты «Түгел тарих» («Жәмих ат – тауарих») атты кітәп жазған Рашид әд – Дінге құлақ сап көрейікші. Ол бұл кітәбінде Шыңғыс хан иелігіндегі елдердің түгелдей түрік болғанын ашық жазады және оларды жалайырдан бастап, бәріне сыйпаттама береді, «с древнейших времен и до наших дней называли и называют тюрками, обитали в степных пространствах, в горах и лесах области Дешт – и Кипчака, русов, черкасов, башкирцев, Таласа и Сайрама, Ибира и Сибира, Булгара и реки Анкара в пределах областей, которые известны под названием Туркестана и Уйгурстана; по рекам и горам в областях народа наймана, как, например, Кок – Ирдыш [Синий Ирдыш], Ирдыш [гора], Каракорум, горы Алтая, река Орган, в области киргизов и Кэм – джиуматов, в местностях с многочисленными летовками и зимовками, известных под именем Могулистан [т.е.страна монголов. А.С.] и принадлежащих (астын сызған – біз) народу кераит, как – то [по рекам и озерам] Онон, Кэлурэн, Талан – Балджиус, Буркан – Калдун, Кукна – наур, Буир – наур, Каркао, Куийн, Эргунэ – кун, Калаир, Селенга, Баргуджин – Токум, Калааджин – энэт и Уткух, Кои смежно с Китайской стеной. [Все народности] по настоящее время сидят и сидели [на всех этих местах] по [искони] обусловленному [древними обычаям] постановлению» («Рашид ад – Дин «Сборник летописей», том I, книга первая, Москва – Ленинград, 1952, стр. 74 – бет).

Мұндағы айтылған Түріктерді, Түркістанды, Дешті Қыпшақты, Моголстанды мойындамасақ, онда нені мойындаймыз?

Байқадыңыз ба, кәзіргі Моңғолстандағы осы Бұрқан дейтін Хэнтэйді де, Хөдөө Арал дейтін Баян Улаанды да, Ауругты да, Теңіз дегені осы деп жүрген Байкөлді (Байкалды) да атамайды. Моңғолдардың жармасатыны тек Онон мен Керулен, ал оның Моңғолстанда емес, Моғолстанда екені жоғарыда айтылды.

Бұрын да, кәзір де түрік деп аталатын елдің шығыс жақ шегарасы Анкара өзенінің аймағымен шектелетінін Рәшид әд – Дін «реки Анкара в пределах областей» деп ап-анық айтып отыр. Оған кәзіргі Моңғол Халық Республикасының жер-суы кірмейді.

Рәшид әд – Дін тізбелеп жазған Шыңғыс хан билігіндегі бір жер «Таман – Балджиус» деп аталыпты. Оның қазақша аудармасы – Балжус.

Кітап парсы тілінде арап қәрпімен жазылған. Онда «ж» мен «х» ұқсас жазылады: «ج» мен «خ». Сондай-ақ «с» мен «ш» да ұқсас жазылады: «س» және «ش». Бұл әріптердің бәрін, меніңше, аудармашылар сондықтан ауыстырып оқыған. Сол себепті «Балқаш» сөзі «Балжус» болып кеткен. Ал «Таман» дегені Балқаш төңірегі, маңайы дегенді білдірсе керек. «Ары таман отыршы!» деп жатамыз ғой. Ал «Каркао» дегенін «Қарқара» емес деп кім айтады? «Каладжин» дегені «Қалжат» дегенді еске түсіреді.

Жоғарыда Рәшид әд–Діннен келтірілген сөздәйекке қарайықшы. «Могулистан» дегенді кітәбтің редакторы «т.е. страна монголов» деп түсінік беріп тұр. Ал Могулистан неге «моңғол елі» болу керек? Зорлық, әдейі бұрмалау деген – осы.

Шыңғыс ханның көзі тірісінде өз адамы жазып отырған «Шыңғыс қағанның құзауырына» жүгінейік.

Әуелі Шыңғыс ханды керей ханы Оң хан шабады.

«Шыңғыс қаған... ертесі түс ауа қосын Қарқара, Жете, Ілеті жерлерінде дамылдап азықтанды. Ас үстінде Алшынтайдың жылқышылары Шегетей мен Әдір жетті. Олар Мәу – Өндір тауынан жылқы жайып жүріп көрдік. Құлаған – Бұрқаннан шаң көтерілді. Жау таяп қалды. Жылқыны қуып жеткенімізше осы болды, – деді.

Шыңғыс қаған жаудың шаңы көріне дереу қарсы аттанды» («Құпия шежіренің құпиясы» кітәбінен. «Шыңғыс қағанның құзауыры», Алматы, 2010. 510 – бет. Қытайшадан аударған – Тілеуберді Әбенайұлы).

Бұл дерек – бұлтаратпайтын дерек. Мұнда айтылған Қарқарамыз – әлі Қарқара, кәзіргі Алматы обылысы Кеген ауданының жерінде. Жетеміз –«Зафарнамда» жазылған сол Жете, оның екінші аты – Моғол. Ол – бұрынғы Моғолстан, кәзіргі Жетісу. Ал Ілетіні Іле бойы демегенде, не дейміз? Ол сөз Сілеті, Өлеңті, Бұғыты, Дардалты, Шідерті дейтін қазақ жерлері секілді аталған. «Құлаған – Бұрқаны» Бұрқанның құламасы емес пе?

Бұл жердің бәрі – Карпини Шыңғыс ханның өз жері деп айтқан екі таудың Жоңғар мен Іле – Алатауының ортасындағы жерлер.

Шыңғыс ханнан Оң хан жеңіліп, ақырында қаңғып қашып жүргенінде, найман күзетшілері оны танымай өлтіріп кетеді.

Оң ханды Шыңғыс жеңген соң, оны енді найманнаның Таян ханы шабады. Ол Шыңғысты татарлар деп менсінбейді.

«Сол шақта қаған Таман – Қыр деген жерде аңшылық құрып жүрген. Түрген – Сөгеті деген жерде сайат қызығына батып жатқанда, Алғышшы – Тезгі – Қоридың елшісі Ұғынам осы сәлемді жеткізеді. Суыт хабардан соң қаған сол жерде бас қосып кеңес құрды...

Сөйтіп олар аңшылықты доғарып, Абжаға – Көде – Керден аттанып шықты. Қарқара өзеніне жетіп, Орнығa деген өлкенің Келтегей – қада деген жеріне қонып, ат-жасағын санаққа алды» (сонда «Шыңғыс қағанның құзауыры», 519 – бет).

Бұл соғыс өткен жер де баяғы Карпини айтқан екі таудың – бұрынғы Арқас, кейінгі Бұрқан, кәзіргі Жоңғар Алатауы мен бұрынғы Өндір, кәзіргі Іле Алатауының ортасындағы аңғарда өткені беп-белгілі болып отыр.

Түрген мен Сөгеті әлі сол орнында сол атауымен сақталып жетті. Қарқара да сол орнында, сол атауында, үшеуі де Алматы – Нарынқол тасжолының бойында. Бұрқан ғана Іленің сол жақ бетінде. Бір Түрген соның қасында, екінші Түрген Іленің сол жағында.

Ғалымдар, аудармашылар қаншама алдауға тырысса да, жерсудың атын түгелдей бұрмалап, жасырып қала алмапты. Шыңғыс ханның кәзіргі Жетісу өлкесінде өсіп-өнгені өтірік емес екен. Рәшид әд – Діннің «Могулистан» деп отырғаны – осы ара. Онон мен Кәлурэні де Өнән мен Керөлең, Кука науры – Көкнор – Жасылкөл, (Жәркент жақта), Каркаосы – Қарқара (Кеген жақта).

Рәшид әд – Діннің айтқанындай, «Смежно с китайской стеной», йағни қытай қорғанына дейін жалғасып жатқан түрік халқы – татарлар қайда?» – деген сұрақтан кәзір қытай да, орыс та қорқады, жауап бере алмай титықтайды, олар түгіл, ол сұрақтан өзіміз де қорқамыз, өйткені өзді-өзіміз арпалысып жүргенде, бәрінен айрылып қалғанбыз. Оған ата-бабамыз да кінәлі, бәріміз кінәліміз. Бірақ біз соның бәрінен сабақ ала алмаған сормаңдаймыз. Ашшы тарихтың ашшы шындығы тек сонда. Ынтымақ күшті ме, алауыздық па – оны өмір көрсетеді әлі. Біздің бүкіл тағдырымыз Абайдың мына екі жол өлеңіне сыйып кетеді:

Өздеріңді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың.

Алайда құдай қолдап, 1991 – жылы өз ырқымыз өз қолымызға қайта тиді. Мемлекетіміз бейбіт, тыныш өмір сүріп жатыр. Сол бейбіт заманды білімді, озық ойлы, мәдениетті, тарихы мен тілін шексіз дамытқан ұрпақ болуға арнап жүрміз бе? Әлі шөре-шөре, өсек-аянды айналшақтап, меніңше, шалқар айдынға шыға алмай жүрміз.

Шыңғыс ханның көзі тірісінде жазылған «Көк дәптерді» осы күні тарихшылар қазақша және моңғолша «Моңғолдың құпия шежіресі» атап жүр, ал орыстар «Сокровенное сказание монголов» дейтін болды, бұрын «Тайная история монголов» және «Секретная история монголов» дейтін. Мұның ешқайсысы да шығарманың өз аты емес. Ол шығармада құпия дейтіндей құпия да жоқ. Оның өз аты – «Шыңғыс қағанның құзауыры». Бұл – шежіре. Ал шежіреде қандай құпия болады? Мұны қытайша түпнұсқадан Тілеуберді Әбенайұлы оқыды. Пиғылы дұрыс аудармашы – тарихи шығарманың өз атын жасырып, оған мүлдем басқаша атау бере ме? Ал моңғолдар, орыстар мен қытайлар ол шығарманың өз аты «Шыңғыс қағанатының құзаулары» екенін неге жасырған? Өйткені Шыңғыс ханның түрік, оның ішінде жалайыр тайпасынан екенін, йағни қазақтың бір тайпасынан тарайтынын біле тұра әлдебір арам оймен әдейі өзгерткен.

Бәлкім, Тілеуберді қате оқып отырған шығар? Жоқ, оның оқығаны дұрыс. Өйткені 1973 – жылы Москвадан шыққан «Алтан тобчи» кітәбінің алғысөзінде Н. П. Шастина «Сокровенное сказание монголов» кітәбі туралы: «Первоначально же название памятника было «Родословие Чингис – хана» (Чингис хаган – у худжаур), – деп жазады (23 – бет). Міне шындықты жасырудың бастапқы жолы осыдан басталған. Кітәптің өз атын жасыру – Шыңғыс ханның түрік екенін жасыру. Өйткені «Шыңғыс қағанның құзауыры» деген сөз – «Шыңғыс қағанның түп-тұқыйаны» деген көне түрік сөзі. Мәселені тереңнен қозғап отырған кісіге: «Әй, сен нені қузап отырсың?!» – деген қазақтарды біз естідік.

Шындап келгенде, мұнда бұрмаланып отырған тек қана кітәптің аты емес. Аты қазақ тілінде қойылған соң, бүкіл кітәп қазақ тілінде жазылды деген сөз, йағни түрік тілінде жазылған. Міне құпияның құпиясы осында. Бұл – тарихқа жасалған жай қыянат қана емес, кешірімсіз қылмыс.

Бұл – ХХ – ғасырдың бізді аямай алдаған сұмдығы, саясаттың сайқал өтірігі. Тарихты да, халықты да қолдан өзгертіп, қолмен жасаған саясаттың аса зымыян жемісі. Соның салдарынан біз өз ата-бабамыздан адасып, қытай мен орыс оқымыстылары бұрмалап, жер-судың, тау мен орманның, адамдардың моңғолданған аттарына алданып, зор қыянаттың құрбаны болғамыз.

Карпини мен Рубруктың айтқандарын 26 жасында, 1252 – жылы Мөңке ханның ордасына келген Атамәлік Жөбени де (Еуропалықтар Жовейни дейді) «Әлем әміршісінің тарихы» атты кітәбінде ырастайды. Мөңке 1251 – жылы хан сайланғанда, Атамәлік оның ордасына келесі жылы келеді.

Бұл кітәпті қытай тілінен Тілеуберді Әбенайұлы аударды, әлі кітәп болып шыққан жоқ.

Бұл кітәп Шыңғыс ханның мұсылман болғандығын мына сөйлемнен-ақ дәлелдейді:

«Отырарда Қайыр хан 450 мұсылманның жанын алды»

Базарға жіберген 450 адамы мұсылман да, тек Шыңғыс ханның өзі мұсылман емес дегенге адам сене ме?

«Түркістанда Мәуеренахарда болдым. Сонда... Шыңғыс хан әулетінің ата-қонысы бар», – депті ол.

«Татарлардың төл мекеніне келсек, олардың өсіп-өнген жері бір ұлы аңғар болатын. Татар өлкесінің бас-аяғы жеті-сегіз айлық жол».

«Аңғар» деп отырғаны Карпини айтқан екі таудың арасы ғой.

«Оның шығысы Қытайға тіреледі, батысы ұйғырға ұласады, солтүстігінде қырғыз бен солаңғай, ал оңтүстігінде таңғыт пен түбіт», – дейді жоғарыда айтқанын анықтай түсіп.

Картаға қарайықшы, Қытай кәзіргі Моңғол Халық республикасының шығысында ма, Қазақстанның шығысында ма?

«Зұлқарнайын да Шыңғыс ханға шәкірт болғандай еді», – деп бағалайды Атамәлік Жөбеней.

Осының бәрі ойдан шығарылған өтірік пе әлде бұрмалаушы тарихшылардікі өтірік пе?

Ал енді қазақ деректеріне кезек берейік. Ең алдымен 1776 – жылы хатқа түскен қазақтың Ата шежіресіне қарайық. Оны жазып қалдырған – Қазыбек бек Тауасарұлының атасы Матай ақсақал. Бұрын Қарақорым атанған, одан кейін осы кісінің атымен Матай тауы аталып кеткен жер кәзір Алматы обылысының Кербұлақ ауданына қарайды.

Қазыбек бек Тауасарұлының айтуынша, Шыңғыс ханның шын аты – Теміршың. Қазыбек бек оны қысқаша Темір дей салады. Ал кәзіргі аталып жүрген Темучин деген ат қазақша да, моңғолша да, түрікше де мағына бермейді. Демек бұрмаланған. «Темір де жалайыр (Мерке) тайпасынан шыққан. Оның аталары жалайырдан – Орақты, оның ішінде Андастан таралған», – дейді Қазыбек бек («Түп-тұқыйаннан өзіме шейін», Алматы, 1993, 95 – бет). Карпини де, Рубрук та «бұл арада бұрын Шыңғыс хан ордасы болған» деп отырған жер бұл күнде Алматы обылысына қарайды. Ақсу маңында Баянжүрек аталатын жер бар. Қазыбек бек: «Байанжүрек атақты Шыңғыс хан – Темірдің бабасы Діннің екі баласы Байан, Жүректің атынан қалған», – дейді (сонда, 188 – бет). Бұған қандай дау айтуға болады?

Карпини мен Рубрукке сенбеген адам, әрине, Қазыбек бекке де сене қоймайды.

Бірақ ғылымда адамды сендіретін берік бір қағида бар: өтірікті қаншама жасырсаң да, бір жері бәрібір ашылып қалады. Өтірікті өтірікпен бүркей берген соң, оның да үйлеспейтін жерін іздеген адам түбінде бір табады.

Қазыбек бектен кейін араға екі ғасыр салып Сәкен Сейфуллин былай дейді: «Бәйбішеден туған кенже ұлы Төлеге берген үлесі Шыңғыстың өзінің туған жері және соған жалғас күншығыстағы аймақтар болды (қара шаңырақ). Одан күнбатысқа қарай жалғасқан жерлер Ағатайдың үлесіне тиді...

Шыңғыс өлген соң ұлы хан Ағатай болады. Ағатай үлесіндегі күнбатысқа қарай жалғас жерлер – Шағатай үлесіне. Ал одан күнбатысқа қарай жалғасқан (ең күнбатыс жақ шеттегі) Қара теңіз Россияға шейінгі жерлер Жошы үлесіне тиді. Шыңғыстың төрт ұлына тиген осы үлестердің бәрінде де түрік рулары болған. Бұ күнде құралып, қазақ атанып отырған түрік-моңғол рулары Жошы үлесі мен Шағатай үлесінде болған. Содан бірсыпыра уақыттан соң Шағатай үлесіндегі түрік-моңғол рулары Жошы үлесіне көшкен. Бұл рулар Шағатай үлесінен Жошы үлесіне көшкеннен кейін, құрылып, кәзіргі қазақ атанып отырған түрік-моңғол рулары: Жалайыр, Қаңлы, Алшын, Қыпшақ, Қоңырат, Маңғыт, Үйсін, Арғын, Найман, Керей, тағы басқалары Жошының үлесінде болған. Сонымен кәзіргі қазақ атаньп құрылған түрік-моңғол рулары ол кезде Қырымнан Еділ-Жайық, Күншығыс Сібірге, Қаратау – Алатауға шейін жайылған Жошы ханның үлесінде болған. Жошы Шыңғыстан бұрын өлген. Жошыға тиісті үлеске Жошының бес ұлы ие болған: Ежен, Батый, Береке, Шайбақ, Тоқай – Темір. Батыйдың ордасы Алтын Орда болып аталған» (С.Сейфуллин, Алматы, 2007, 7 – том, 15 – бет).

Енді осыған ойлана қарап көрейікші.

Шыңғыстың кенже ұлы Төленің үлесіне Шыңғыс ханның өз жұрты және содан күншығысқа қарай жатқан жерлер тиіпті. «Моңғолдың құпия шежіресінде» де дәл осылай айтылған.

Егер Шыңғыс хан, моңғол, орыс және қытай ғалымдары айтып жүргендей, Хэнтэй тауынан басталатын Онон және Хэрлэн бойында туса, онда оның күншығысында ешқандай да ел жоқ, тек мұхит бар. Нанбасаңыз, картаға қараңыз. Сонда қалай болғаны? Шыңғыс ханның ол арада туғаны өтірік пе, бұл жерді Төлеге бергені өтірік пе? Үш ұлына үлкен үлес беріп, ең кенже ұлына Шыңғыстың ештеңе бермеуі, әрине, мүмкін емес. Демек Шыңғыс ханның Хэнтэй тауының маңында да, Онон мен Хэрлэннің бойында да тууы мүмкін емес. Ол Карпини мен Рубрук 1245 және 1253 – жылы көрген Қайылық қаласының төңірегінде, ашып айтқанда, Бұрқан тауы мен Түрген тоғайдың күнбатысындағы Шұбар мен Аралтөбе маңында, одан да дәлірек айтқанда, Шыңғыс сай аталатын жерде туған. Ал Төленің үлесіне сол ара және ұйғыр жері, ойраттар, бүгінгі моңғолдардың жері – бәрі қараған.

Сәкен «түрік-моңғол» тайпалары деп жазады, ал өзі бірде-бір моңғол тайпасын атамайды. Біз білетін олардың шорос, торғауыт, дүрбіт, хошауыт, халха деген тайпалары кәзір МХР құрамында. Демек Жошы үлесінде кәзіргі моңғол тайпалары болмаған, оның бәрі Төлеге қараған.

Нақтылап айтқанда, кейбір ғалымдар айтып жүргендей, Бұрқан дегеніміз Хэнтэй, Керулен дегеніміз Хэрлэн емес, Онан да Өнән емес. Ол арада Шыңғыс хан туып өспеген, тек кенже ұлына үлес қылып берген жерлер. Осындай тарыдай шындық таудай тарихтың шын бетін ашады.

Сәкеннің жазуында тағы бір көңіл аударатын жай бар, ол – Шыңғыс хан балаларының аты. Біз бiресе Үгедей, біресе Үкетай, Өкетай, Окатай деп қырық құбылтып жазып жүрген баласының атын ол Ағатай дейді. Көне түрік тілінде ол Акатай деп аталуы мүмкін. Ертеде түріктер ағаны «ака», ініні «үке» деген. Ұйғыр халқы кәзір де солай сөйлейді. Қазақ та: «Сені әке, үке дегеннен басқа жазығым не?» – деп таусылады.

Жолда туған Жошының шын аты Жолшы болса, одан кейінгі ұлдың атын не Акатай, не Үкетай қою қазақы қыйсынға келеді. Одан кейінгі ұлды Шақатай деп атау да түрік халқының әдетіне жатады. «Шақа» деген – бала. Шақатай сөзі Балақай сөзіне ұялас. «Бала-шаға» деп жүргеніміз «бала-шақа» сөзінің үндестік заңына сәйкес өзгерген түрі. Төле де түрік сөзі. Бәлкім, «төл» әлде «төлеу» деген мағына беретін болса керек.

Сонда бүкіл баласының атын түрікше қойған Шыңғыс хан қазаққа сатылған моңғол болғаны ма, қалай? Әлде ол кезде моңғолдар да қазақша сөйлеп, кейін тәуелсіздік алған соң, қайтадан өз тілінде сөйлеп кеткен бе?

(Жалғасы келесі нөмірде)

Бексұлтан НҰРЖЕКЕҰЛЫ,
жазушы, мемлекеттік сыйлықтың иегері.

АЛТЫН ЖҰЛДЫЗ АРАЙЫ

Осыдан біраз жыл бұрын атақты жүгеріші, Еңбек Ері Күләш Айтжанқызымен алғаш сұхбаттасудың сәті түскен. Сонда ол әңгімесін әкесин елжіреп отырып еске алудан бастағаны есімде.

– Мен әкемнің қандай жан болғанын көз алдыма елестете алмаймын. Өйткені ол менің ес білмеген үш жасар кезімде майданға аттанып, Ұлы Отан соғысынан оралған жоқ. Тіпті бізде әкемнің бір жапырақ суретті де сақталмапты. Оны ойласам «Ленинград түбінде ерлікпен қаза тапты» деген аудандық әскери комисаряттан келген, сарғайған бір жапырақ қағазды бетіме басып, еңкілдеп жылаған кездерім болды, – деген еді.

Осы жолы үйіне барғанымда батыр ана төргі бөлмеде қатар ілінген бірқатар суреттердің біріншісін нұсқап, «Мынау менің әкемнің портреті» деді. Мен ардагер ананың жүзіне таңырқай қарадым. Ол сурет сырын жәйімен түсіндіре бастады.

– Әкем 1943 жылы 15 қыркүйекте майданға аттанарда оны бір топ ауылдас ағайындары шығарып салып, Жаркент қаласында естелікке суретке түскен екен. Сол сурет Әбілхан ағаның (Халық суретшісі Әбілхан Қастеев) бауыры Әбілғазы атамның үйінде сақталыпты. Естісімен құстай ұшып жетіп, балаларынан қолқалап суретті сұрап алып, жеке портретін жасатып алдым.

Осы сәтте Күләш әпкемнің еңбекпен шыныққан шымыр болмысынан, оның жайнаған көрікті жүзінен әкеге деген терең сағынышты тебіреністін көргендей болдым.

– Біз тіршіліктің соқтықпалы, соқпақты ұзақ жолынан өткен жандармыз, – деп жасы сексеннің сеңгіріне шыққан Еңбек Ері әңгімесін байыппен жалғастырды. – Бұл өмірде бастан өткерген сан түрлі қиындық та, қуанышқа толы сәттер де аз емес. Соғыстан кейінгі жұпыны, жадау жылдарда көп жетімдер бірімізді-біріміз жұбатып жүріп бой түзетіп есейдік. Әкенің қуатты қолында тербелмесек те, аналарымыздың ыстық құшағында жетімек жанымыз жадырады. Сол соғыс жылдарындағы жесірлердің рухының күштілігіне осы күнге дейін тәнтімін.

Анасы Зәукеш таң азанда, торғай шырылдағанда тұрып, кетпенін иығына салып, өзі сияқты ауыл әйелдерімен бірге егін басына кететін. Ағасы Әбдіреш, әпкесі Әбітай үшеуі өз күндерін өздері көріп, бірін-бірі жетелеп жүріп өсті. Әкесі жүргізген

ЧТЗ тракторын басқа адамның мініп алғанын көріп, бала көңілін қызғаныш кернеп, трактордың кілтін ұрлап алып тығып қойып, тракторшы Әбілғазы қарияны әуреге салатын. Жасы бесалтыға толғанда апасымен бірге оянып, егін басына ере барғаны да есінде. «Менің кетпенім құтты, сенің кетпенің құтсыз», – деп балалықпен жеңгелерінің шылауына жармасатын. Сонда олар «Осы қарға ұйықтамайды екен, үлкендермен жағаласып», – деп кішкентай қара қызға ұрысқан болатын.

Анасы Зәукеш өзі көрген қасірет пен тұрмыс қиындықтарын балалары көрмесе екен деп тіледі. Алайда соғыс біткенмен, оның елге артып кеткен азабы ондаған жылға жалғасты. Соғыстан оралмаған Айтжанның балалары да біртіндеп ер жетіп, еңбекке араласты.

Көрші қоныс Қонақай ауылындағы жеті жылдық мектепті тамамдаған соң Күләш өзі туып-өскен Шежірдегі шаруашылықтың барлық жұмыстарына белсене кірісті. Әсіресе көктемгі қой қырқу науқаны басталғанда жылдам балуан қызбен бәсекелесетін ер азамат аз болатын. Күніне сексен-тоқсан қой қырқып, бәстескенде үш минут сайын бір қойдың жүнін сыпырып тастайтын оны сол кезде-ақ ауылдастары «Айтжанның батыр қызы» деп атайтын.

Өмір өз арнасымен жалғасып, 1957 жылы іріленіп, біріккен Киров атындағы ұжымдық шаруашылықта бірге еңбек ететін Болатхан есімді жігітпен тұрмыс құрып, Үлкеншыған ауылына келді. Бұл кезде Жаркент өңірінде жүгері дақылын жерсіндіріп өсіру қолға алынып жатқан. Алғашында осы ауылдағы «Ақбұлақ» атты сауын фермасында сауыншы болып еңбек етіп, 1964 жылдан бастап жүгері өсіру ісіне араласты. Жұмысты жапыра атқаратын қауқарлы келіншекке 1968 жылы шаруашылық басшылары жеке звеноны басқаруды жүктеп, 45 гектар жерге сол кездегі өнімді тауарлы «ВИР-156» жүгері сортын екті. Бітік шыққан жүгерісі қыркүйек айының басында жаңа пісіпжетіліп келе жатқанда үсікке шалынып, жігерін құм етті. Бұл жұмыстан бас тартпақ та болған. Алайда аудан, ауыл басшылары табиғат мінезіне төзімділік танытып, қолға алған жұмысты жарты жолда қалдырмай, жалғастыруға шақырды. Сол жылдың өзінде Күләш Айтжанова үсікке ұрынған 45 гектар алқабының әр гектарынан 57 центнерден дән жинады.

Көрші шаруашылықтағы сол кезде Еңбек Ері атанған атақты жүгеріші Мариям Ниязовамен байланыс жасап, одан көп ақыл-кеңес алып жүрді. Тіпті ол кісінің көзін ала беріп, ырымдап, байқатпай жерінен бір уыс топырақ алып өз алқабына сепкені де бар. Бара-бара жер көлемін кеңітіп, еселі еңбек нәтиже беріп, Күләш Айтжанқызы аудандағы алдыңғы қатарлы жүгерішілермен бәсекеге түсер жағдайға да жетті.

Социалистік Еңбек Ері атанған күннің қызығы әлі есінде. 1971 жылдың әдеттегі күзгі күндерінің бірі болатын. Егіс алқабына көн төгіп жүрген тракторынан ақау шығып, шеберханаға келген. Мұндағы ауылдас азаматтар көмектесіп, техникасын жөндеп, өзінің қолы да майға былғанып жанталасып жатқанда, бір топ аудан басшылары сау етіп жетіп келеді. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Шаймұқан Сапиев:

– Күләш естідің бе, сен Еңбек Ері атандың, – деді.

Алғашқыда бұл да ауыспалы қызыл ту сияқты озаттарға берілетін көп сыйлықтың бірі шығар деп түсінген келіншек:

– Ой, аға, оны ертең ұжымшар бастығы менен алып басқаға беретін шығар, – дей салған. Сонда көрші Калинин атындағы шаруашылықтың бастығы, Жоғарғы Кеңестің депутаты Имар Белалов:

– Жоқ, Күләшжан, бұл сыйлықты сенен ешкім тартып ала алмайды. Бұл саған құдайдың берген мәңгілік бақыты. Сен енді бір аптаға жұмысыңды тоқтат, басқалар істей тұрады. Құттықтап келетін қонақтарың көп болады, үйіңе бар. Үйіңе қандай жағдайлар керек, қазір айт, – деді.

Бұдан бұрын жеке басына ешкімнен ештеңе сұрап көрмеген жан ауылда су тапшы болған соң бір бөшке су беруін және науқандық жұмыспен тауға жіберілген күйеуі Болатханды бірер күнге босатуын сұрады.

Күләш тәтем жасы сексенге келсе де әлі еңбектен қол үзбеген майталман. Өзі құрған жеке шаруа қожалығында әлі де егін еріп, күйеу баласы Бағдаулетпен бірге кәсібін жалғастырып отыр. Ерен жүгеріші жайлы айта берсек сыр да, жыр да көп. Ол бүгінде ел бірлігі мен бақуатты тірлігі жайлы жастарға жүйелі ой, парасатты пайым айтып жүрген қайраткерлер қатарындағы жан.

– Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсаған Тәуелсіздікке қолымыз жетті. Егеменді, іргесі бүтін ел болдық. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың жан-жақты саралы саясатының пәрменімен әлемнің біздің елге назары ауып, жас Қазақстан мемлекеті көптеген елдің жаңаша ынтымақпен дамуының көш басшысына айналды. Бұл жетістіктің түп негізінде қашан да ананы ардақтаған еліміздің ақ сүтпен бойына сіңірген шексіз бауырмалдықтың әсері барына шүбәм жоқ. Бүгінгі бізге көрсетіліп отырған құрмет те соның бір көрінісі деп қабылдаймын. Қартайғанда маған үлкен қолдау жасаған Алматы облысының әкімі Амандық Ғаббасұлына аналық алғысым ерекше. Аудан басшыларына да дән ризамын, – деп түйіндеді ардагер ана әңгімесін.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ

ЕҢБЕК – ЕР АТАНДЫРАДЫ

Ұлы Жібек жолы – ерте ғасырдан өркениет пен мәдениетті тоғыстырып, Батыс пен Шығысты жалғаған тарихи даңғыл екені баршаға мәлім. Тоғыз жолдың торабындағы бұл аймақ тамаша табиғатымен кеңінен танымал. Киелі қара топырағы мен алыстан көз тартатын әдемі тау бөктері, көкірегіңді жаратын жұпар ауасы мен мың бұрала аққан асау өзені бойға қуат, жанға шуақ береді. Жәннат жердің құты мен берекесі қашанда бал татыған суында, дертке шипа топырағында, ғажайып әсем табиғатында болып қала бермек.

Бұл өлке тамылжыған табиғатымен ғана емес, өнер мен мәдениет, өндіріс пен ауылшаруашылығы, ғылым мен саясат саласында ел сенімін ақтаған көшбасшы тұлғаларымен де аты шыққан қасиетті өңір. Жері сұлу да шипалы, халқы жайсаң да жасампаз ауданның айтылар сыры мен жыры көп. Жақұтты мекеннің замана үні ғасырдан ғасырға жалғасып, алдағы уақытта да дәуір көшінен қалыспай, төрткүл дүниені құйқалы топырағымен, самал ауасымен ынтызарлыққа бөлей беретіні ақиқат.

Қыдыр дарып, құт қонған осынау киелі жерде қазақтың маңдайалды қайраткерлері өмірге келіп, қасиетті өңірдің көсегесін көгертті. Ендеше Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани



жаңғыру» аясында және «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласын іске асыру барысында киелі топырақта дүниеге келіп, Жаркент өңірінен шыққан, жастайынан кетпен ұстап жүгері егіп, құрметке бөленген, отыз екі жасында Еңбек Ері атанған Алматы облысы мен Панфилов ауданының Құрметті азаматы Күләш Айтжанқызының бүгінде 80 жасқа толуының құрметіне **«Еңбек – ер атандырады»** атты кездесу кеші аудандық кітапханада өтті.

Әйел абзал атқаратын ер ісін,
Кестелейтін несбесін, өрісін.
Сүйсінемін көріп білгір әйелді,
Көркі, ісі бірдей тапқан келісім, – деп ақын Қалижан Бекхожин жырлағандай, кеш барысында бір ауданның көшін ер азаматқа бергісіз қажырлықпен алға сүйреп, ауылдың өрісін кеңейтіп отырған жақұт жанды анамыз Күләш Айтжанқызы сөз алып, өзінің басынан өткен оқиғаларын оқырмандармен бөлісті. Кешке келген қонақтар да сөз алып, қоңыр күз айында тойланатын ауылшаруашылығы қызметкерлер күнімен қатар Күләш апамыздың мерейтойы үйлесіп келуінде де бір заңдылық барын аңғартатындай, жер қойнауының байлығын көпке ырысы етіп шашып жүрген Күләштай апаларымыздың даңқы арта берсін дей отырып жылы лебіздерін білдірді. Құрманғазы Көркем мен Құрманғазы Назым әжелеріне арнап жыр шумақтарынан шашу шашты. Аудандық мәдениет үйінің әншілері Бақыт Оспанбеков, Раушан Смайлова, Әсемай Қайырбекова ана туралы әндерін орындап, келген қонақтарымыздың ілтипаттарына бөленді. Қорытынды сөз алған аудандық кітапхананың директоры Султанбекова Дария Бегжігітқызы Социалистік Еңбек Ері атанған Алматы облысы мен Панфилов ауданының Құрметті азаматы Күлаш Айтжанқызын 80 жылдық мерейтойымен құттықтап, ақ жаулығы мен шапанын тарту етті.

«Ақын қыз» атаныпсыз бала жастан...

Өмірдің қилы-қилы соқпақтарын басынан кеше жүріп, тіршілік жұмбақтарын ақылмен, зерделі санамен, сабырлы көңілмен, ең бастысы қиындыққа мойымас қайрат-жігермен шеше білген, сөйте жүріп өлеңді өміріне серік еткен қазақтың қыз-келіншектері аз болмаған. Өзгесін былай қойғанда ақындығымен алты алашқа мәшһүр болған ақын Сараның тағдыры өнер қуған қазақ қыздарының басым көпшілігіне ортақ. Қыз балаға бесіктен құда түсу, көнбесе қалыңмалмен сатып алу, тіпті күшпен де тартып әкету дәстүрі, жүрегіне өнер киесі қонған әйел қауымының тағдырын тығырыққа тіреп отырған. Әйтсе де, олар жанкештілікпен өнерін өрге сүйреп, ебін тауып халыққа танымал бола білген.

Осы айтқандарымыздың біртағлайын өз басынан кешкен тірі куә, көненің соңы, жаңаның басы, биыл сексеннің сеңгіріне шығып отырған жаркенттік ақын апамыз Байырхан Әбдікерімқызы. Өз басынан кешкен дегенімізге өлеңдерін оқыған оқырманның көзі жетер.

Ол Қытай Халық Республикасының Қорғас ауданы, Ортақсу-Дәшігүр ауылында 1939 жылы дүниеге келген. Әкесі Әбдікерім немере ағасы Күрішбекпен бір отбасында өскен екен. Анасы Тазабала бір жасында қайтыс болып, жетім қыз алты жасқа дейін сол Күрішбек атасының отбасында тәрбиеленеді.

Әкесі домбыраны қолдан жасап, әртүрлі халық күйлерін тәп-тәуір нақышына келтіре орындайтын, серілігі бар сезімтал адам болыпты. Күрішбек атасы ел басқарып, көптің құрметіне бөленген, алтын-күміс ұстайтын зергер, ұста кісі болатын. Бүркіт салып, тазы жүгіртіп, жүйрік баптайтын қазақы өнері бар, һәм ат сыншысы да болған екен. Сонымен бірге сөзге шебер, ел ішіндегі айтыстарға қатысып жүретін ақындығы да бар еді.

Ана тәрбиесін көрмесе де, екі әкенің ортасында еркелеп өскен қыз, өнерге, соның ішінде сөз өнеріне бейім болады. Төрт жасынан әрнеге мән бергіш, қағлез, естіген сөзі көкейіне қонып қалатын зерек болып өседі. Әкелі жетім болса да, ананың орны балаға ерекше екені белгілі. Байырхан жетімдіктің зардабын бір кісідей-ақ тартты. Әкесі жеңгелей алған екінші анасы Нұрғалипа өте мейірімді, ақылда адам еді. Сорына қарай он үш жасында ол анасынан да айырылды. Осыдан кейін марқұм болған өгей шешесі Нұрғалипаның туған әкесі Саурық пен оның інісі Дүйсенғалидың тәрбиесінде болады. Бұл екеуі білімді, көпті көрген, арапша сауаты бар, діни қабілеті терең, мейірімді жандар еді. Жиендеріне жетімдігін білдірмей өсірді. Байырханның арапша сауат ашуына осы кісілердің де көп ықпалы болды. Оқысам деген арманы іске аспаған соң, нағашыларының ақылын тыңдап өз бетінше ізденіп, арапша әріптерді жаттап, құрастырып, жазда топыраққа, қыста қарға сызып жүріп ежіктеп газет оқитын шамаға жетті. Оқуды да үйреніп, ауыл ішіндегі айтыстарға да қатысып, «ақын қыз» болып танила бастады. Қыс қыстауы Дағырда, жаз жайлауы Майбұлақта той-жиын өтіп, айтыс болса, он екі жасар қыз қаймықпай айтыса кететін.

Өлеңді өміріне серік еткен Байырхан 1962 жылы ауыл-аймағымен өз Отаны Қазақстанға өтіп, Қоғалы өңіріндегі Бостан ауылында төрт жыл сауыншы болып істеді. Одан кейін Талдықорған маңындағы Жетіжал кеңшарында қой бақты.

1970 жылы Панфилов ауданына көшіп келіп, Үлкеншыған ауылына орналасты. Төкен деген азаматпен табысып, тұрмыс құрды. Ол кісі бағына орай ақынның топқа түсіп, суырып салып өлең айтуына қарсы болған жоқ. Керісінше қолдап, қоштап отырды. Байырхан еңбек ете жүріп қанына сіңген өнерден қол үзген жоқ. Басына қандай қиындық туса да, жүрегіне ұя салған өлең – серігімен сырласатын, соған мұңын шағатын. Өлең оны қолтығынан демеп, жігерін қайрап, қиындықты жеңіп шығуына көмектесетін. Рухани күш беретін!

Ол айтысқа түскен Республикалық айтыс өнеріне «Құлагер ақын» деген атпен танылған жаркенттік дүлдүл айтыскер, марқұм Жандарбек Бегімбетов, Республикаға танымал айтыскер, облыстың бас ақыны Қален Тәжібаев, марқұм талантты жас қыран Ербол Самалбеков тағы басқалары Байырхан ақынның қазақтың қара өлеңінде дес бермес шебер екенін мойындаған адамдар. Осындай ақындармен иық тіресе қатар жүріп, өзі де үйренді, өзгелерге де үлгі бола білді. «Өнерлінің өрісі кең» дегендей жүрегіне қонған жыр өнерінің арқасында дос-құрбылары да көп болды. Мәселен, өз ұжымшарында «Әжелер ансамлын» құруға мұрындық болып, кейін осы өнер ұжымын өзі басқарды. Оның құрамындағы Қыныбаева Зағира, Қаулиева Әлімхан, Қаулиева Гүлсара, Садырова Гүлсім, Жақыпова Райхан, Иминова Гүлзар, Әбдікәрімова Ақмарал тағы басқалары өнерде ғана емес, өмірде де қимас жақындарына айналды. Осындай ауызбірліктің арқасында «Әжелер» ансамблі ауданға ғана емес, облыс, республика көлеміне танылды. «Ауылдың алты ауызы» тақырыбы бойынша респуликалық «Хабар» телеарнасында өнер көрсетті. Ардагер аналармен бірге Қырғызстанның әйгілі Ыстықкөл санаторийінде демалып, қырғыздың атақты әншісі Сәлия Қоңырбаевамен танысып, жұптасып концертте ән шырқады.

Байырхан қажы апамызды сегіз қырлы, бір сырлы деп ауылдастары текке мақтан етпесе керек. Ол кісі өз жазған өлеңдеріне өзі ән шығарып, өзі орындайды. 2005 жылы «Өлеңді өміріме серік еттім», 2010 жылы «Өмірден алған үзік сыр» атты жыр жинақтары жарық көрді. Бұл екі кітап та оқырман қауымның қызығушылығын тудырып, іздеп жүріп оқитын дүниелеріне айналғалы қашан. Сонымен бірге қазақтың ұлттық үй жиһаздарын, киім үлгілерін өз қолымен жасап, тігетін шебер. Оның бал бармағынан шыққан текемет, киіз, құрақ, көрпе, қамзол, көйлек, шылауыш, кимешек, түлкі тұмақ, бөрік тағы басқалары көп адамның қолы жете бермейтін құнды дүниелер.

Ол бүгінде марқұм ағамыз Төкен-қажы ақсақалдың шаңырағында он баладан он бір немере, шөбере сүйіп отырған бақытты ана. Үлкен әулеттің ұйытқысы, берік тұтқасы. Ұлдары Оразғали мен Жалайырханы майталман көлік жүргізушілері, Сламғалиы құрылыс маманы, Бағдәулеті музыка саласының маманы. Келіндері Гүлнара, Ұлжан, Бақыт, Әсия, немере келіні Гүлханымдар бақытты шаңырақ иелері. Қыздары Ақмарал өзімен бірге «Әжелер» ансамлінде өнер көрсетсе, Сандуғаш білімді бұғалтыр, басқа балалары да әр салада, әр мамандықта қызмет істеп жүр.

Талай жаз бен осындай,
Бастан зырлап өтті күз...
Сексенге келіп селкілдеп,
Кемпір болып отырмыз, - дейді ақын әзіл-шыны аралас сергек көңілмен.

– Енді жиырма-ақ жыл қалыпты ғой, жүз жасыңызды да тойлауға жетейік, шалыңыздың артынан асықпаңыз жеңеше, – деймін мен де әзілдеп. Ылайым солай болғай.

«АҚЫН ҚЫЗ» АТАНЫПСЫЗ БАЛА ЖАСТАН

Құралғандай өмірдің бәрі аңыздан,
Шықпайтын тұстары көп санаңыздан.
Бір жаста жетім қалып шырылдапсыз,
Айырылып Тазабала анаңыздан.

Әкеңіз Әбдікерім шебер екен,
Іздегені ән-мен күй, өнер екен.
Қаршадай жетім қызын қолына алып,
Күрішбек ағасына береді екен.

Күрекең ел басқарған силы адам-ды,
Ұқыппенен ұстайтын жинағанды.
Жақтырмаған адамға ішін бермей,
Төбесіне көтерген силағанды...

Жетім қыз өмірге ерте араласқан,
Қиындық, кедергіге қарамастан.
Он екі жасында өлең құрап айтып,
«Ақын қыз» атаныпты бала жастан.

Әкесінен ақындық өнер қонып,
Жан-жағын қарайды екен оймен шолып.
Анасының сүтімен дарыған соң,
шығыпты қолы ісмер шебер болып.

Сан қиындық кештіңіз басыңыздан,
екі елі қалмай азап қасыңыздан.
Екі өнер екі жақтап алып шықты,
Серік болып сексен жыл,
жасыңыздан.

Өмірлік болды олар қанатыңыз,
қосылып жүректегі жан отыңыз!
Өнерменен ілесіп өзі келді,
жарқырап іште жатқан жанатыңыз!

Айтыстыңыз сан дүлдүл
ақындармен,
сөз өнерін алтыннан жақын көрген.
«Байырхан Әбдікерімқызы жеңді!»
деп талай бас жүлдені Сізге берген,

Сәттердің куәсіміз біз де жеңге,
атыңыз шықты өлеңмен дүйім елге.
«Сексенге серілікпен келген апа» -
деп құрметтеп шығардық Сізді төрге!

Орындалып сан жылғы арманыңыз,
күліп атты бүгінгі таңдарыңыз.
Құтты болсын, Панфилов ауданының,
Құрметті азаматы болғаныңыз!

Сан жылғы еңбегіңіз есімізде,
Біз де келдік жыр арнап кешіңізге.
«Жаркент жауһарлары» деп
түсінерсіз –
төсбелгі боп қадалған төсіңізге!

Ислам-Ғали ЖАРКЕНТИ,
Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі

Кітап — ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына.
Ә.Науаи

ЕҢСЕСІ БИІК ШАҢЫРАҚ

Бүкіл өркениет әлемін ілгері қозғап келе жатқан, рухани қазынамызды дамытушы күштердің негізі мәдениет, білім, ғылым десек, осы үш тұғырды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші – қасиетті кітап. Жастардың бойына ұлттық сананы қалыптастырып, отансүйгіштік қасиеттерін дарытатын рухани орда ол – кітапхана.

Қай дәуірде болса да қоғамның мәдени өмірінің, мәдени тарихының бірден-бір көрсеткіші – кітапхана. Өткен тарихты өшірмей, ұлт жадын мәңгі сақтайтын мекен де – кітапхана. Ал кітапхананың жаны – кітап. Сондықтан да халқымыздың «Кітап – білім бұлағы» деуі тегін емес.

Рухани, мәдени, тарихи құндылықтарымызды жинақтаушы, сақтаушы және оқырман қауымына жеткізуші – кітапхана туралы жазушы Ә.Кекілбаев «Кітапхана – мәңгілік парасаттың ең киелі ғимараты. Мен кітапханаларды ақыл, білім, адамгершілік, парасат, иман ордасы деп білемін. Ал кітапханашыларды сол ешқашан жоғалмауға тиісті ең асыл құндылықтың ең жанкешті сақшылары ретінде санаймын», – деп баға берген.

Жазиралы Жаркент өзінің тамылжыған табиғатымен, өнер мен мәдениет, еңбек ерлері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғылым мен өнер тарландары, ақын – жазушыларымен ғана әйгілі емес, білім бұлағы – кітапханаларымен де жұртшылыққа танымал. Кітап сүйер қауымның демеушілік бұлағынан бастау алып, оқырмандарына қызмет ете бастаған аудандық кітапхана бүгінде ғасырға жуық тарихы бар білімнің, мәдениеттің, өркениеттің ордасына айналған үлкен шаңырақ, елдігімізді, егемендігімізді танытатын рухани орда – мәңгілік парасат мекені.

Тәуелсіздік – біздің ұрпаққа берілген үлкен бақыт. Ол халқымыздың мәңгілік құндылығы. Біз бүгінге дейінгі барлық жетістіктерімізге тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік, еліміз әлемнің өркениетті мемлекеттерінің қатарына қосылды. Тәуелсіздіктің арқасында тарихымыз түгенделіп, тіліміз, дініміз, ділміз қайта оралды.

Мұрағат құжаттарына сүйенсек аудандық кітапхананың құрылу тарихы тым тереңде жатыр. 1926 жылы мамырда Жаркент уезіндегі ауыл шаруашылығы бөлімінде кітап оқырмандарының оқу үйі ашылады, кейіннен оның кітаптары Жаркент қаласындағы кітапханасына өткізіліп, 1930 жылы оған аудандық кітапхана атауы берілді. Ордалы білім шаңырағын басқарған білікті де талапты, жастарға іскерлігімен, ойының тереңдігімен үлгі бола білген кітапхана директорлары мыналар: 1947 жылға дейін – В.Власова, 1947 жылы – Е.И.Герасимова, 1947 жыл – Т.Хайбулина, 1950-1954 жылдары – В.Д.Антонова, 1956-1961 жылдары – Б.Г.Стронгин, 1963-1973, 1976-1980 жылдары – С.Ш.Гайнудинова, 1973-1974 жылдары – Р.А.Цыбульская, 1974-1975 жылдары – Р.Альдинбекова, 1975-1976 жылдары – И.Саутова, 1981-1988 жылдары – С.С.Талаева, 1988-2009 жылдары – Ю.С.Хегай, 2009-2013 жылдары – Ж.Қ.Алдабергенова басқарды. Кітапхананың қалыптасуы мен дамуына, өсіп-өркендеуіне, кітап қорының молаюына маған дейін басшылық еткен білікті мамандардың игі істері бүгінгі танда өз жалғасын табуда.

Халыққа лайықты қызмет көрсете бастаған Жаркент кітапханасы 1975 жылы аудандық мәдениет үйінің ғимаратына көшірілді. Келіп жатқан жаңа кітаптармен толыға отырып, 1978 жылы 26000 дана томды қамтып, оқырмандары 736 адамды құрады.

1979 жыл аудандық кітапхана бір орталыққа бағындырылған оқырманға қызмет көрсету бөлімінің қайта құрылуына байланысты әдістемелік орталыққа айналды, ауылдағы кітапханаларының бөлімшелерінің саны 50-ге жетті.

1996 жылы нарықтың экономиканың қыспағына түскен мәдени ошақтардың қысқартылуынан кейбір ауылдық кітапханалар жабылып, аудандық кітапхана мен балалар кітапханасы ғана қалды. Қызметкерлерге төленетін қаражаттың тапшылығынан кәсіби мамандар қысқартылып, кітапханалардың есігі жабылғанымен де әр басылымға жанашырлықпен қарап, білім бұлағының нәрін қазіргі ұрпаққа жеткізіп, халқымыздың рухани қазынасы – кітаптарды тозып, бүлініп кетуден сақтап қалған әріптестеріме айтар алғысымыз шексіз. Бүгінгі күні жас ұрпаққа берілер білім мен тәрбиенің өз мәнінде сапалы болуы үшін, өркениетке жетелейтін жалғыз жол – кітап пен кітапхана. Осыған орай еліміздегі бірден-бір рухани орда – кітапханалар қайта жұмыс істей бастады.

Мәдениет саласына мемлекет тарапынан көңіл бөліне бастағандықтан 2007-2008 жылдары штаттық бірліктер беріліп, оған арнайы кітапханашы мамандығы бар қызметкерлер алынып, 1 аудандық, 1 балалар, 1 қалалық, 23 ауылдық кітапхана халыққа лайықты қызмет көрсетуде.

Қазіргі таңда ауданда мемлекеттік жүйеде жұмыс істейтін 26 кітапхана 124 695 тұрғынға қызмет көрсетіп отыр. Жыл сайын молыға түскен аудандық кітапхананың кітап қоры 312 687 данаға жуықтады. 288 113 оқырманға жылына 570 114-тен астам кітап беріледі. Бүгінгі күнде аудан бойынша 36 компьютер, 6 интернет, 8 кітапхана КАБИС бағдарламасымен оқырманға қызмет етеді.

Еліміздің Тәуелсіздігінің арқасында кітап қоры ай сайын Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы, Алматы облысы әкімінің қолдауымен жарық көрген құнды кітаптармен толығуда. Сондай-ақ оқырмандардың ақпараттық сұранысын толық қанағаттандыру үшін мерзімді басылымдар қоры да жинақталған.

Ертеңі бар елдің жастарын өркениет әлеміне бастау, оларға жол көрсету, мәдениет көшінен қалдырмай, артымызға тәрбиелі, білімді ұрпақ қалдыру ісіне жағдай жасап, ықпал көрсету әр кітапханашының алға қойған мақсаты мен міндеті. Аудандық кітапхана мемлекеттік мекемесінің жүйесінде білікті де тәжірибелі, шығармашылық қабілеті мол, еңбеккор мамандар қызмет атқарады. Өздерінің жинақтаған мол тәжірибесімен бөлісіп, жастарға үйретуден жалықпайтын, кітапхананың қалыптасуы мен дамуына үлес қосқан ардагер кітапханашылардың есімін мақтанышпен атап өткім келеді: М.А.Насырбекова. Х.М.Иминова, Н.И.Антипова, Г.Р.Ибраимова, Ш.Қ.Құдайқұлова, С.Н.Оспанова, Б.Нурумова, К.Илимахуновалар болса, алдыңғы буынды жалғастырушы білікті де білгір жас мамандар Д.Л.Байсиықова, Ж.Қ.Скакова, А.Аязбекова, С.Мырзағали іскер ұжымның үміті, болашағы, тірегі.

Панфилов аудандық кітапханасы Алматы облысы кітапханаларының жұмыс қортындысы бойынша 19 аудан арасында 2004-2005 жылдары 2-3 орындарға ие болды. Ал, 2008 жылы Головацкий ауылдық кітапханасы ауылдық кітапханалардың жұмысының қортындысының нәтижесі бойынша С.Сейфуллин атындағы Алматы облыстық әмбебап кітапхананың 3 дәрежелі дипломымен марапатталды. Ал аудандық кітапхана 2015 жылы «Өлкенің танымал тұлғалары» атты облыстық үздік библиографиялық көрсеткіш құрастырып шығарғаны үшін 2 дәрежелі дипломмен марапатталды. Астананың 20 жылдығына арналған «Үздік кітап көрмеинсталляциясы» облыстық байқауда Панфилов аудандық кітапханасы бас жүлдені иеленді. «Рухани қазына - 2019» республикалық байқауға Көктал ауылдық кітапханасы қатысып, сол сәттегі Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрі А.Мұхамадиұлының «Алғыс хатымен» марапатталды.

Кітапхананың 90 жылдық тарихының қалыптасуына, асыл мұраларымызды көздің қарашығындай сақтап, халыққа қызмет еткен, білімдік көрсеткен қызметкерлердің еңбектері еленіп 2015 жылы Көктал ауылдық кітапханасының кітапханашысы А.Есебаева «Мәдениет саласының үздігі», ал балалар кітапханасының меңгерушісі Г.Ибраимов «Кітапхана ісінің үздігі», ал 2018 жылы кітапхана директоры Д.Султанбекова «Кітапхана ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталды. 2018 жылы Мәдениет және өнер қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай өткізілген салтанатты жиында облыс әкімі А.Ғ.Батталовтың қолынан «Үздік мәдениет қызметкері» номинациясы бойынша 100 000 теңгенің сертификатын Кітап қорын сақтау бөлімінің меңгерушісі Н.Антипова алды. 2019 жылы мұндай «Үздік мәдениет қызметкері» және 100 000 теңгенің сертификат балалар кітапханасының меңгерушісі Г.Ибраимова иеленді.

Осы кітапхана саласында алды 35 жылдан, соңы 20 жылдан асқан өз ісінің шеберлері оқырмандарға қызмет көрсетуде. Жылдар өткен сайын өрлеу үстінде келе жатқан аудандық кітапханада мына:

Аудандық кітапханада төмендегі қызмет көрсету бөлімдері бар:

1. Оқырманға қызмет көрсету
2. Оқу залы
3. Кітап қорын сақтау
4. Топтастыру және кітаптарды өңдеу
5. Әдістемелік

Кітапхана оқырман мен кітап арасындағы алтын көпір сияқты. Кітапханада ақын-жазушылармен, танымал тұлғалармен қызықты кездесулер, жаңа кітаптің тұсаукесері, қылқалам шеберлерінің туындыларының көрмелері, өзекті мәселелерге байланысты дөңгелек столдар, әр алуан клубтар қала тұрғындары арасында кітапхананың мәртебесін өсіріп, оқырмандарды кітапханаға қызықтырып тарту үшін жиі ұйымдастырылады. Аудандық кітапхана әдістемелік орталық ретінде, ал қызметкелері ауыл кітапханашыларына әдістемелік көмек көрсетеді. Сондай-ақ кітапханашылардың кәсіби шеберлігін жетілдіру бағытында түрлі тақырыптарда семинарлар, тренингтер мен зерделі кеңестер өткізеді.

Мысалы: Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласының аясында «Ұлы Даланың жеті қыры» атты терең мазмұнды, тағылымы мол мақаласын жүзеге асыру мақсатында қазақ бейнелеу өнерінің атасы Әбілхан Қастеевтің туылғанына 115 жыл толуына орай Шежін ауылындағы Ә.Қастеев мұражайы мен этнопаркке «Таңбалы таста тарих бар» атты тарихи-танымдық саяхат ұйымдастырылды. Кеңес әскерлерін Ауғанстан жерінен шығарылғанына 30 жыл толуына байланысты **«Елінің ержүрек перзенттері»** атты кездесу кеш өтті. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының халық жазушысы Ә.Тәжібаевтың 110 жыл толуына орай шығармаларын насихаттау барысында **«Өлеңім - өмірім»** атты кең көлемдегі аудандық байқау өткізілді. Социалистік Еңбек Ері, Алматы облысының Құрметті азаматы Күләш Айтжанованың 80 жасқа толуына орай **«Еңбек ер атандырады»** атты кездесу кеші ұйымдастырылса, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, Панфилов ауданының Құрметті азаматы, қаламы қарымды журналист Нұрсейіт Мырзағали Манапұлының 65 жылдық мерейтойы қарсаңында «Шабыттың шымқай шуағы» атты кездесу кеші ұйымдастырылып, «Өркенді өңір» атты жаңа кітабының тұсаукесер рәсімі өтті.

Бүгінде 90 жылдан астам тарихы бар аудандық кітапхана мәдениетімізді мұрасы – құнды кітаптарды келешек ұрпақтарға мәдени-тарихи мұра ретінде насихаттайтын, тың ақпаратпен қамтамасыз ететін орталық боларына сенімдіміз.

Біз болашаққа көз тастай отырып, кітапханамыздың заман талабына сай ғимараты болуын армандаймыз.

Кітапхана өзінің 90 жылдық ғұмырында жаңа технологияны меңгерген ақпараттық орталыққа айналды. Аудан тұрғындары үшін ағартушылық және мәдени-тарихи мұраны сақтау және дамыту орталығы ретінде әлі талай ғасыр өмір сүріп, дами берері сөзсіз.

Білім бұлағының қайнар көзі – кітапханалар сарқылмай, әрлеп, өркендей берсін!

Дария СУЛТАНБЕКОВА,
Панфилов аудандық кітапхана директоры.

«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТІ
Меншік иесі: **«БАҚ» ЖК**
Директор – **Дархан БЕЙСЕНБЕКҰЛЫ**
Бас редактор – **Молот СОЛТАНАЕВ**
Бас редактордың орынбасары – **Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ**
Дизайнер – **Әділет МҰСАХАЕВ**
Газеттің эл.почтасы: **jar-aina@mail.ru**

➢ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.
➢ Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында терілді, беттелді.
➢ Газет индексі - 65161
➢ Авторлардың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
➢ Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
➢ Газет «Алматы-Болашақ» АҚ басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көш, 223 В Тел/факс: 8 (727) 3784008. Офсеттік басылым.
➢ Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:
Алматы қаласы,
Қабанбай батыр көшесі 147, 22 офис
Алматы облысы, Жаркент қаласы,
Е.Сыпатаев көшесі, 242 үй, 14 пәтер
Тел.: 8/705/412-78-48;
8/705/277-16-91;
8/777/971-57-67
Газет екі аптада бір жарыққа шығады.
Тапсырыс: №1518